





ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН СЕРПІЛІС ЖОЛЫ

4



New York Times газеті: АЛМАТЫ – ҮЗДІК ТУРИСТІК БАҒЫТ

8



АРИТМИЯ

жүрек ырғағының бұзылыстары жайлы не білеміз?

11

ӘЛЕМДІК БІЛІМ БӘЙГЕСІ

Алматылық оқушылар Индонезияда өткен робототехника чемпионатында үздік нәтиже көрсетті

Әлемдік білім бәйгесі үздік нәтиже көрсетті. Биылғы FIRST Tech Challenge робототехника бойынша ашық ойындар Индонезияның Депок қаласында өтті.

Рая ЕСКЕНДІР

Аталмыш жарысқа 5 елден 30 команда қатысып, Қазақстанның намысын қорғау үшін Алматы қаласынан «124» командасы аттанған еді.

Алматы қаласының мектептерінің 9-11-сынып оқушыларынан құрылған «124» командасының құрамында №124 мектеп оқушылары Алдияр Жұмаділ, Илияс Әуезхан, Әлімжан Раев, Гауһар Жанас, Лаура Токтағали, №81 мектеп-гимназия оқушылары Айханым Шамшадин, Арай Ержанқызы, Әлрахат Ұмытхан, Мерас Медғат, №206 мектеп-гимназия оқушысы Томирис Оңғарбек, №178 лицейдің Әсел Ұмбет және №200 мектеп-гимназия оқушысы Мира Демеуғалиева бар. Білім бәйгесінде бақ сынаған алматылық оқушылар Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен келген 150 жас робототехника жасаушылармен бірге бірнеше күн бойы өздері жасаған жобалармен бәсекеге



түсті. Байқау нәтижесі бойынша ел құрамының қоржыны 7 жүлдемен толығып, «124» командасы – 1-орын – Control award, 3-орын – Think Award, 3-орын – Connect Award ие болды.

Қазақстанның атынан Индонезияда өткен чемпионатқа қатысу үшін оқушы-

лар жолдаманы 2023 жылдың желтоқсан айында Оқу-ағарту министрлігінің және Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен USTEM Foundation Қоғамдық Қоры ұйымдастырған Almaty Tech Cup республикалық турнирінде жеңіп алған болатын.

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №3 (6454) 12 қаңтар, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ

XX-XXI ғасырда Сәтбаевтай тұлға қазақтан әлі шыққан жоқ



Қаныш Сәтбаев – ұлт тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі ғана емес, есімі әлемге аян көрнекті ғалым, ірі қайраткер. Әсіресе, оның отандық геологияны ғылым ретінде дамытудағы еңбегі ұлан-ғайыр. Қаныш Имантайұлы іске асырған іргелі жобалар еліміздің экономикалық жағдайына күні бүгінге дейін оң ықпал етуде және маңызы ешқашан жойылмақ емес. Біртуар тұлға болмысына тереңірек бойлап, оның ғылымға қосқан үлесін аз-кем салмақтау үшін біз Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ тарихи мұражайының бас маманы, сәтбаевтанушы Аспандияр Әденұлымен сұхбаттасқан едік.

14

– Аспандияр Әденұлы, сіз сәтбаевтануға қалай келдіңіз? Қаныш Имантайұлы тұлғасына қызығушылығыңыз қалай басталды?

– Менің Қазақ ұлттық техникалық университетінде қызмет істеп жүргеніме 30 жылдан асты, 2005 жылдан бастап сәтбаевтанумен түбегейлі айналыса бастадым. Оған себеп – ғалымның шәкірті, академик Мұхтар Мұқашұлы Бәкенов маған өзінің орыс тілінде жазылған «Сатпаевоведение» деген кітабын қазақ тіліне аударуға берді. Соны аударып шыққаннан кейін ол: «Менің жасым келді, артыма сәтбаевтанумен айналысатын шәкірт дайындап кетуім керек. Осыны сен қолға алсаң қайтеді», – деп қолқа салды. Оның алдында да өзім Қаныш аға туралы өз бетімше ізденіп, оқып, қызығып жүретінмін. Сөйтіп, Мұхтар Мұқашұлы екеуіміз сәтбаевтанудан 2 оқулық жаздық. Өзімнің «Сәтбаев және ұлт руханияты» деген монографиям бар.

НӨМІРДІҢ НАҚЫЛЫ:

«Қазақтардың ішіндегі ең кішісі мен. Халқым менен де биік».

Қаныш СӘТБАЕВ.

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

12.01.2024

Түнде:

-4-6 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашын (көбінесе қар), көктайғақ, тұман.

Күндіз:

0, -2 °C
Көшпелі бұлтты, таңертең жауын-шашын (көбінесе қар), көктайғақ, тұман.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

13.01.2024

Түнде:

-3-5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+5+7 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с





«ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек» атты сұхбаты жайында Қазақстан Жазушылар одағында белгілі қаламгерлердің қатысуымен «дөңгелек үстел» өтті. Жиынның басты мақсаты Президенттің сұхбатында айтылған ойлар туралы пікір қосу болды.

Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов жиынның модераторы ретінде тізгінді қолға алып, Президенттің сұхбатынан алған өзінің әсері туралы айтты, сұхбатта айтылған ойлар бойынша жазушылардың пікірін сұрады.

– Сұхбатта зиялы қауым өкілдері, қазақ ойланатын дүниелер жазылған. Мемлекет басшысы өткен жылға баға беріп, келер жылы атқарылатын біраз шаруаға тоқталды. Түрлі салада тың бастамалар қолға алынып, жүйелі жұмыс жүргізілді. Ел экономикасына серпін беретін бастамалар жүзеге асты. Инфрақұрылымды жаңғырту, өнім өнімділігін арттыру бағытында мақсатты міндеттер қойылды. Бұл мақала халықтың ойында жүрген сұрақтарға жауап берді деп ойлаймын. Осы ретте ақын-жазушылардың елімізде болып жатқан жаңалықтар мен елдегі өзгерістерге үн қататын жандар екенін білеміз. Күні кеше 35 жазушы стипендия алды. Өнер адамдарына 70-ке жуық стипендия бөлінеді. Соның тең жартысын қазақтың жазушылары алып отыр. Бұдан бөлек, 6 қаламгер Қазақстан халық жазушысы деген атақ алды. Бұл ақын-жазушылардың мерейі тасып, халық ықыласына бөленіп жатқанын аңғартады, – деді Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов.

«Дөңгелек үстелге» Қазақстанның Халық жазушысы Ахметжан Ашири, М.Әуезов атындағы Әдебиет институтының бөлім меңгерушісі, филология ғылымының докторы,



Суретті түсіріп Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

профессор, белгілі жазушы Нұрдәулет Ақыш, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, белгілі жазушы Серік Асылбекұлы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, белгілі жазушы Қуандық Түменбай, көрнекті әдебиет сыншысы Әмірхан Мендеев, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ақын Әділғазы Қайырбеков, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ақын Маралтай Райымбекұлы, жазушы Дидар Амантай қатысып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек» атты сұхбаты жайында өздерінің пікірін білдіріп, сұхбаттағы ойларды өрбітіп, ұсыныстарын ортаға салды.

– Қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдарында көп талқыланып жатқан мәселенің бірі, былайша айтқанда, зерттеу нысаны – Республика Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 3 қаңтар күні «Егемен Қазақстан» газеті-

не берген сұхбатында көтерген мәселелер. Жалпы, бұл сұхбаттың ерекшелігі неде десек, мен өз басым мына мәселелерге тоқталар едім. Біріншіден, сұхбат алушы Дидар Қамзабекұлы өзінің көнігі журналист, озық ойлы ғалым екенін де көрсете біліпті. Сұхбаттың негізгі қойылған сұрақтары өте күрделі емес, қарапайым. Кейде біздің журналистер осындай ірі лауазым иелерімен сөйлескен кезде орағыта келіп, ойын дөп басып жеткізе алмай, ілгері күйінде шолулар жасап кететіні бар. Содан нақты ойды, нақты идеяның арқауын ұстай алмай, сөзбен не айтқысы келді деп кейде ойланып қалатын кездеріміз де жоқ емес. Дидар Қамзабекұлы бұл жағынан кәсіби деңгейінің жоғары екенін танытқан. Президентпен журналист ретінде емес, емін-еркін әріптес ретінде сөйлескені көңіліме қонды. Байқап отырсақ, саяси мәселелердің алдыңғы қатарға шығуы заңды. Бүгінгі таңда саяси мәселелер ұшығып тұрған кезде саясатты айтып өту мүмкін емес. Әсіресе, сыртқы және

ішкі саясат туралы өрбіген әңгімеде көп нәрселер қамтылған. Оның кейбіреуі бір сөйлемнен айтылған күннің өзінде де астары бар деп ұға білуіміз керек. Президентіміздің көнігі дипломат екенін еске салған жөн болар. Өйткені, бұл кісі Сыртқы істер министрлігінде он жылдан астам уақыт жұмыс істеген, бірнеше тіл біледі, көптеген шетелдегі адамдармен қарым-қатынас жасаған. Сол тәжірибенің бәрі бүгінгі таңда сыртқы саясатты жүргізуге ықпалын тигізіп отыр деп айта аламыз, – деді жазушы Нұрдәулет Ақыш.

Жиынға қатысқан Мәжіліс депутаты Қазыбек Иса да өз ойын ортаға салды.

– Қаламгер ретінде сұхбаттағы ұлттық мүддеге, ұлттық құндылықтарға, ұлттық тарихымызға, ұлттық руханиятымызға үлкен басымдық беріліп, мемлекеттік идеологияның өзекті бағытына айналғаны көңіліме сенім ұялатты. Жалпыұлттық диалог алаңы – Ұлттық құрылтай биыл көктемде өтеді. Онда идеологиялық бағыттар, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру, қоғамның жаңа құндылықтарын жаңғырту мәселелері талқыланады. Сонымен қатар, Президент Бесінші Дүниежүзілік көшпенділер ойынының қазақ жерінде өтуі ұлттық спорттың мәртебесін көтеріп, Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің насихатын күшейтетініне баса мән берді. Президенттің ұлттық бірегейлікті айшықтап, ел бірлігін нығайта түсу үшін қазақтың төл жаңа жылы – Әз-Наурызды ерекшелік, мазмұнын байытып, жаңаша атап өтуді ұсынғанын қуана қолдаймыз. Рухани күш ұлттық мүддені қорғайды. Кеңес империясы бұдан бір ғасыр бұрын 1926 жылдан бері тойлауға тыйым салған Наурыз мейрамы елімізде алғаш рет 1988 жылы тойланды. Демек, биыл 36 жыл жоғары деңгейде тойланады деген ойдамыз, – деді Мәжіліс депутаты Қазыбек Иса.

Айта кеткен жөн, Қазақстан Жазушылар одағының құрылғанына биыл 90 жыл толмақ. Ұйымның негізін І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ф.Мүсірепов, Ф.Мұстафиндер сынды әдебиет алыптары қалаған.

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Әсия АҚАНОВА,

Алматы қаласы мәслихатының депутаты:

МАҚСАТ – МӘСЛИХАТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ



Мен Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының сұхбатын қызығушылықпен оқып шықтым. Онда Мемлекет басшысы көптеген әлеуметтік өзекті сұрақтарға жауап берген. Әлеуметтік даму, спорт, мәдениет және жастар саясаты мәселелері жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін мамандандырылған комиссияның төрағасы ретінде сұхбатты оқи отырып, мен әлеуметтік дамуға қатысты бірнеше ой түйдім. Біріншіден, белсенді азаматтық қоғамды нығайту бойынша жұмыс жалғасуда. Жаңа ережеге

сәйкес, Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, тұңғыш рет 700-ге жуық ауыл әкімінің сайлауы өтті. Кейінгі кездері жүргізілген әлеуметтік зерттеулерге сүйенсек, Мәжіліске деген сенім артқан. Қаламыздағы Мәслихат қызметінің тиімділігін арттыру бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында жұмыс жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Жеке тәжірибемнен мысал келтірейін: Мәслихат депутаттары жыл басынан бері «Сенат-Мәжіліс-Мәслихат» практикалық триадының аясында белсенді жұмыс істеп, түрлі деңгейдегі депутаттар есеп беріп, мәселелерді талқылап жатыр. Депутаттар алматылықтардың өтінішін айтып қана қоймай, республика деңгейінде шешілуі тиіс мәселелерді жиі көтеруі керек деп санаймын.

Мемлекет басшысы алдымызға ауқымды әлеуметтік-экономикалық міндеттер, атап айтқанда, жалпы ішкі өнімді екі есе ұлғайту, идеологиялық мақсаттар, мәселен, мәдениетімізді жаһандық деңгейде танымал етуді баса айтты. Ал бұл міндеттердің сапалы орындалуы әрбір қазақстандыққа байланысты. Сондықтан біз «Әділетті Қазақстан» құру жолындағы жұмысты белсенді түрде жалғастыруымыз керек деп ойлаймын.

ЖАҢА МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев осыдан бірнеше күн бұрын «Egemen Qazaqstan» газетіне сұхбат беріп, ел арасындағы өзекті мәселелер шешімін табуы керек екенін айтты. Президент сұхбатына қатысты бірнеше сарапшы пікір білдірген еді. Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің ректоры Гүлнар Сәрсенбекова ел азаматтарының Мемлекет басшысының маңызды тарихи оқиғаларға көзқарасын білгісі келгенін атап өтті.



«Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында сұрақтарға ашық әрі шынайы жауап беру арқылы олардың үмітін ақтады. Өмірдің әртүрлі салаларында атқарылып жатқан жұмыстарды атап өтіп, «осы кезең еліміздің алдағы бес жылдағы дамуына негіз болады», – деп, бұл бізге таяу жылдарда экономикалық, әлеуметтік-саяси және гуманитарлық салалардағы мәселелерді шешуге көмектесіп, сонымен бірге, тарихи тұлғаларға байланысты атаулы күндерді атап өту, тарихшылардың жүргізген зерттеу жұмыстары мен Қазақстан тарихы бойынша жеті томдық оқулықты дайындауды аяқтау туралы ерекше айтқып кетті.

Президент сындарлы және теңгерімді сыртқы саясат жалғасатынына тоқталып, 2024 жылы еліміздің қатысуымен өтетін халықаралық деңгейдегі маңызды оқи-

ғаларды еске салды. Сондай-ақ, Қытай және Ресеймен достық қарым-қатынас пен өзара сенімнің артықшылығын атап өтті. Әрқайсымыз Мемлекет басшысы айтқан мақсаттардың мәнін түсініп, оған жету жолында адал еңбек етуіміз керек.

Қаңтар оқиғасына тоқталып, сол кезде мемлекетті сақтап қалу, елдегі заңдылық пен тәртіпті қалпына келтіру – басты міндет болғанын еске салып, өз ұстанымын нақты білдірді. Проблемалар бар, бірақ оларды биліктің заңды талаптарын қатаң сақтай отырып, бейбіт жиындарда талқылап, жазбаша арыз-тілек беру арқылы жеткізу керек.

Көпшілікті президент сайлауы алаңдатады. Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген бір реттік жеті жылдық президенттік мерзімнің қатысуына жоюға жол бер-

мейтін маңызды конституциялық өзгерістердің жүзеге асырылуын еске салды.

Сұхбатта «біздің бұрын кім болғанымыздан қазір кім екеніміз, ең бастысы, болашақта кім болатынымыз әлдеқайда маңызды», – деп дер кезінде айтылды. Біз өткенді еске түсірмей, болашаққа батыл қарап, өзімізді, қоғамды, мемлекетті өзгерту үшін жұмыс істеуіміз керек деген пікірге қосыламыз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекетіміздің барша азаматына: «еңбекқорлық, білімпаздық, кәсібилік, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық және үнемшілдік қажет» деген пікірімен келіспеске болмайды. Яғни бұл өркениетті әлемде тарихты жасайтын, ұлы істерді атқаратын, бейбіт жасампаздықта жарқын із қалдыратын ұлтжанды, мақсатын іске асыра алатын тұлғаларды дүниеге әкелетін құндылықтар.

Мемлекет басшысы жастарымызға сенетінін үнемі айтып келеді. Сондықтан Президенттік жастар кадрлық резерві құрылды, басқарудың әртүрлі деңгейлерінде жұмыс істеу үшін креативті, жаңа технологияларды игерген, қабілетті, сапалы жас кадрлардың жұмысы мен басқаруындағы озық тәсілдерді қолдануда бірқатар шара қабылданғанын көрсетті. Әлем өзгеруде және кең байтақ Отанымыздың азаматтарының жемісті де сапалы өмір сүруі үшін заман жанашырлық идеяларды, заңдылық пен тәртіпті сақтауды талап етеді», – деді Гүлнар Сәрсенбекова.

Әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



● **ҮН ҚОСУ**

Рахман АЛШАНОВ,
«Тұран» университетінің ректоры:

ЖАС ҒАЛЫМДАР САНЫН АРТТЫРУ ҚАЖЕТ

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында ғылым мен білім төңірегінде біраз сөз қозғады. Соның ішінде қоғамдағы қаржылық сауаттылықтың орны ерекше екенін атап өткен еді.

Елімізде бәсекелестік деңгейі жоғары. Жұмыс сапасын арттыру керек. Таныс арқылы жұмысқа тұру, жемқорлық деген нәрсені тамырымен жою басты міндет. Біздің қоғамда білімді, дарынды мамандар көп. Өзінің жұмысын дұрыс атқара алмайтындырды орнынан босатып, істей алатын білікті маманды орналастыру маңызды.

Біздің мемлекетте ғалымдардың саны аз. Көршілес Жапония мемлекетінде 60 мыңға жуық ғалым бар екен. Біздің мемлекетте 10 мыңға да жетпейді. Негізгі маңызды жаңалықтардың бәрі осы ғалымдардан шығады. Сондықтан ғалымдардың санын арттыру маңызды. Осы орайда, үкімет тарапынан көптеген гранттар бөлінуде. Қазіргі таңда жоғарғы оқу орындарын маңызды ескеретін нәрсе бар. Ол кадр даярлаудағы қаржылық сауаттылықтың орны.



Себебі, көптеген адамдар қаржылық сауаттылық болмағандықтан алаяқтарға алданып қалып жатады. Сонымен қатар, несиеге алғандағы қосылатын пайыз жайында білмеу өзінің кері әсерін тигізеді.

Кез келген шешім халық бақылауында болу керек. Болашақ – жастардың қолында. Сондықтан да біз шетелдің жоғарғы оқу орындарымен байланыс орнатамыз. Білім

деңгейі жоғары мемлекеттерде оқыған жастарымыз ертең үлкен нәтижелер көрсетеді. Жастарымызға дұрыс бағыт-бағдар беруіміз керек. Президентіміз алдымызға көп мәселелер қойды. Оны орындау барлығымыздың парызымыз. Ұлт болып бірігіп, еліміздің дамуына өз үлесімізді тигізейік. Сөз бен істің арасындағы айырмашылықтың алшақ болмауы маңызды.

Гүлмира ҚАНАЙ,

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ректоры:

«ЕЛ КЕЛЕШІГІ – БІРЛІК ПЕН БІЛІМДЕ»

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының «Egemen Qazaqstan» газетіне берген көлемді сұхбатын мұқият оқып шықтық. Сұхбат қоғамда соңғы уақытта қызу талқыланып жатқан көкейкесті мәселелер қамтылған ашық әңгіме ретінде өрбігендігі қуантады.

Біздің бағыт – білім мен ғылым, оның ішінде қыздарымызды ұлағатты ұстаз, дарынды ғалым етіп тәрбиелеу, десе де қоғамда болып жатқан жайттардан біз тысқары қалып, оларға көз жұма қарай алмаймыз. Қазақстанның бүгін мен болашағына педагогтар да қатты алаңдайды. Сол себепті, сұхбатта көтерілген еліміздің ішкі-сыртқы саясатына қатысты, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы, Қаңтар қасіреті, қоғамдағы тұрмыстық зорлық-зомбылық, АЭС құрылысы секілді өзекті тақырыптарға қатысты Президенттің берген жауаптарын қызығушылықпен оқып қана қоймай, ол туралы пікірімді білдіруді жөн санадым.

Президент сұхбатында 2024 жылы Қазақстан бірнеше беделді халықаралық ұйымға, атап айтсақ, Шанхай ынтымақтасуы ұйымына, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске, Түркі мемлекеттері ұйымына, Аралды құтқару халықаралық қорына, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымына төрағалық ететінін, сондай-ақ елімізде Дүниежүзілік көшпенділер ойыны өтетінін атап өтті.

Айта кетерлігі, Дүниежүзілік көшпенділер ойынына Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің атынан төреші, әрі құрметті қонақ ретінде Педагогика және психология институтының профессоры, педагогика ғылымының кандидаты, «Қазақ күресі» федерациясының тұңғыш президенті Ергали Мұхиддинов ағамыз шақыру алды. Яғни ұлттық спорт пен салауатты өмір салтын дәріптейтін, Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің мұрагері саналатын бауырлас халықтардың мәдени-гуманитарлық байланысын арттыратын байрақты бәсеке біздер үшін де айтулы оқиға болмақ.

Еліміздің халықаралық ұйымдарға төрағалық етуі жоғары оқу орындарында-



мыздың шетелдік әріптестер арасындағы танымалдығын арттыратындығы сөзсіз. Қазіргі таңда университетіміз Ұлыбритания, Рига, Малайзия, Гонконг, Ташкент, Словакия, АҚШ, Латвия, Польша, Корея Республикасы, Қытай Халық Республикасы және тағы басқа да әлемнің алдыңғы қатарлы елдері мен қалалардағы жоғары оқу орындарымен достық қарым-қатынас орнатып қана қоймай, бірлескен жобалар, ғылым мен білім, оның ішінде студент алмасу, оқытушылар тәжірибесін арттыру бағдарламаларын жүзеге асырып отыр.

Қасым-Жомарт Кемелұлы қасіретті Қаңтар оқиғасының басты себебін де айтты. Жылдар бойы қордаланған әлеуметтік-экономикалық проблемалар осындай ахуалға әкелгендігін түсіндірді: «Сол алашапыран күндерде мемлекетімізді сақтап қалу, елдегі заң мен тәртіп үстемдігін қалпына келтіру ең басты міндет еді», – деді Мемлекет басшысы. Елдімізге түскен сын сағатында көшбасшылық танытып, өзіне жауапкершілік ала білу екінің бірінің қолынан келе бермейтіндігі сөзсіз. Президенттің бұл ұстанымы біз сияқты жас буын көшбасшылар үшін үлкен үлгі, әрі өнеге болғандығын сеніммен айта аламын. Ең маңыздысы, еліміздің келешегі, қоғамдық белсенділік пен өз өміріне жауапкершілік ала білу, яғни демократияның басты принциптеріне деген сенімдердің күшейуі бізді қатты қуантады.

Орта Азиядағы қыз-балаларға білім беретін жалғыз жоғарғы оқу ордасы ретін-

де қоғамымызда орын алып жатқан қорқынышты жайт нәзік жандылардың соққыға жығылу мәселесі бізді қатты алаңдатады. Мұндай қылмыстарға қатысты іс қозғау үшін бұрын зардап шеккен адамның арызы қажет болатын. Соның салдарынан қанша қылмыс әшкереленбей, жабулы қазан күйінде қалды. Енді ондай арыз қажет емес. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағандарға жауапкершілік күшейтілгенін көріп отырмыз. Президент тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жазаны қатайтуды қолдап қана қоймай, заңсыздық пен қатыгездікке бір кісідей, батыл қарсы тұруға шақырды. Қыздарымыздың біліміне ғана емес, денсаулығы мен болашағына алаңдайтын біздер үшін Мемлекет басшының бұл сөздері сенім мен жылулық ұялатады.

Сұхбатта Президент нағыз отаншыл және адал азаматқа тән қасиеттер мен құндылықтар деп еңбекқорлық, білімпаздық, кәсібилік, бірлік, ынтымақ, жанашырлық, іскерлік, бастамашылдық, адалдық, қарапайымдылық және үнемшілдікті атады. Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Халқымыздың қуатын арттырып, табысқа жетелейтін осындай қасиеттер мен құндылықтарды жан-жақты дәріптеп, ұрпақ санасына сіңіру арқылы ғана сапалы ұлтқа айнала аламыз», – деп, бірігуге шақырған үндеуі келешек ұстаздар дайындау ісінде ұранымызға айналуы тиіс деп ойлаймын. Аталмыш қасиеттердің қалыптасуы келешек ұстаздарды дайындауда рефлексия, өз бетімен және өмір бойы білім алу, өз тәжірибесін зерттеу арқылы оқушыларының білімдерін жетілдіру, мектебін дамыту сияқты жан-жақты дағдыларды қалыптастыруды талап етеді. Қазіргі таңда университетімізде оқу бағдарламаларына комплексті өзгерістер енгізілуде. Айталық, бітіруші курс студенттерінің арасында, халықаралық танылған, сабақты зерттеу (Lesson study) әдісі бойынша қорытынды топтық жобалар ашық түрде қорғалып, жұмыс берушілер, яғни мектеп басшылары мен практик ұстаздардың қатысуымен өткізілуде.

Жалпы алғанда, Мемлекет басшысы ашық сұхбатында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша күн тәртібін айқындап, бағдарын нақтылап берді. Сонымен қатар, көкейдегі көп сауалдарға жауап беру арқылы елдің пікірімен санасып, елдің қамын ойлайтындығын көрсетті.

101 САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның ішкі жалпы өнімі 259 миллиард доллардан асты.



Ұлттық қордан балаларға қаржы беру мәселесін реттейтін заң күшіне енді.



Биыл ҰҚШҰ-ға Қазақстан төрағалық етеді.



2024 жылы елімізде бірқатар ауқымды саммит, форумдар өтеді.



ҚХР елімізге 24 миллиард доллар инвестиция салды.



Биыл елімізде Дүниежүзілік көшпенділер ойыны өтеді.



ҮН ҚОСУ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН СЕРПІЛІС ЖОЛЫ

Алматы сарапшылары Мемлекет басшысының «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында айтылған тақырыптарды талқылады

Ойталқы кездесу Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өтті. Жиынға қатысқан қоғам қайраткерлері, қалалық Қоғамдық кеңес мүшелерімен бірге жастар ұйымдарының өкілдері де өздерінің ой-пікірлерімен бөлісті.



Борис ЖАПАРОВ,
Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІНЕ САЙ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ

Президент «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында еліміздің орта мерзімді болашағына қатысты ойларымен, мақсаттарымен бөлісті. Бесжылдық кезеңдегі экономикалық, қоғамдық-саяси және әлеуметтік салалардағы елдің даму мақсаттары мен жолдарын егжей-тегжейлі баяндады. Өте терең және маңызды ойларымен бөлісті. Мені елдің экономикалық даму мақсаты таңқалдырды. Президент Қазақстан халқы алдындағы мақсат – 5 жыл ішінде жалпы ішкі өнімді екі есе арттыру деді. Осылайша 2029 жылы елде өндірілген ЖІӨ 450 миллиард АҚШ долларына жетуі керек. Бұл Қазақстан экономикасы алдыңғы бес жылда екі еселеніп, өсуі тиіс дегенді білдіреді. Нақтырақ айтсақ, осы бес жыл ішінде әрбір қазақстандықтың табысы екі есеге артуы керек.

Бұл – белгілі бір топтардың мүддесі емес, барлық қазақстандықтың мүдделеріне сәйкес келетін стратегиялық мақсат.

Бұл – әрбір қазақстандық ұлтына, жынысына, жасына қарамастан мақтан тұтатын мақсат деп айтуға болады.

Қайыржан ӘБДІХАЛЫҚОВ,
Алматы Азаматтық альянсының төрағасы,
Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

БЕРІК ҰСТАНЫМ

Жаңа жыл біз үшін қарқынды жұмыспен басталды. Мемлекет басшысы «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында 2024 жылмен байланысты болатын, сондай-ақ алдағы бірнеше жылдағы басымдықтарды нақты атап өтті. Өйткені, онда айтылғандардың бәрі нақты бағдарламаларға негізделген. Бұл дегеніміз, осы бағыттар бойынша, яғни қоғамдық-саяси, гуманитарлық, мәдени, экономикалық салада Үкіметке жеке тапсырмалар берілетін болады. Сондай-ақ, Сенат, Мәжіліс, басқа да өкілді органдар, азаматтық қоғам деңгейінде талқылаулар болады.

Мен азаматтық қоғамның өкілімін. Президент қоғамды түсінетін, халықты түсінетін жеткілікті күшті азаматтық қоғам бар екенін бірнеше рет атап өткеніне өте қуаныштымын. Қаңтар оқиғасын тудырған себептерді, олардың кейбір салдарын атап көрсетті. Шын мәнінде, Президент біздің елімізде демократияландыру процесі жоғары екенін және ол дамып келе жатқанын қадап айтты. Бейбіт жиналыстар туралы заң, сондай-ақ қазан айында қабылданған петиция беруді реттейтін қоғамдық бақылау туралы заң – мұның бәрі Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» туралы тұжырымдамасынан туындайды.

Бұл – ұлттық идея деңгейіндегі мақсат. Сондықтан да осы мақсатқа жетудің басты күші – Қазақстан халқы. Енді Президент мақсат қойғаннан кейін Үкімет оны жүзеге асыруы керек. Сондықтан Үкімет бұл мәселеге жан-жақты дайындалып, оны ғылыми негіздеп, ресурстармен және кадрлармен қамтамасыз етуі керек. Біз осыған орай арнайы жоспар дайындалып, заңмен бекітіледі деп күтеміз. Егер біз осы мақсатқа қол жеткізсек, бұл еліміздің дамуындағы тағы бір үлкен кезең болмақ.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасы 5 пайызға жуық өсім көрсетті. Барлық негізгі салалар бойынша оң динамика байқалады. Сондықтан біздің өсу қарқынымыз үш есе артуы тиіс және біз жыл сайын осындай үлкен нәтижеге қол жеткізуіміз керек. Ол үшін білім, еңбекқорлық және табандылық қажет. Бұл халық пен Үкіметтің бірлескен жұмысы болуы керек деп санаймыз. Ал Алматы қаласына келетін болсақ, оның экономикасы Қазақстан деңгейінде 14,5%-ға өсуде.

Рустам ҚАЙРЫЕВ,
«Ассамблея жастары» РҚБ мүшесі, «Қазақстан ұйғыр жастары одағының» төрағасы:

СЕНІМДІ ДЕ СЕРПІНДІ БАҒДАР

Сұхбат өте ауқымды, мазмұнды және онда өміріміздің барлық саласы қамтылған. Мемлекет басшысы бір жыл ішінде жинақталған қоғамның барлық өзекті сұрақтарына жауап берді. Біз Президенттің 2023 жылдың қалай өткені, қандай жетістіктер болғаны, не істелгені және т.б. туралы ойларын білдік. Бұл жастар үшін сенімді де серпінді бағдар. Жалпы, өткен жыл Қазақстан үшін басқа елдермен жемісті ынтымақтастық жылы болды. Мемлекет басшысы көптеген елді аралап, жақсы келісімдер жасады. Әрбір одақ Қазақстан үшін экономикалық әл-ауқатқа әкеледі, бұл бүгінгі таңда бізге өте қажет. Қазіргі уақытта әлемде экономикалық, геосаяси өзгерістер орын алып жатқанын ескерсек, Қазақстан барлық елдермен өзінің серіктестік, ынтымақтастық қағидастарын нақтылап, стратегиялық бағдарларын нық бекемдеген ел.

Мұхаммедсаруар ОМАР,
Ауған қауымдастығының өкілі:

БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАДАМ

Сұхбат өте көлемді, ауқымды, сондықтан өз басым оны бірнеше рет қайтара оқыдым. Сұхбатта адамдарды, соның ішінде бізді, жастарды қызықтыратын көптеген сұраққа жауаптар берілген. Мен әсіресе, жастарға әсер еткен оң өзгерістерді атап өткім келеді. Мәселен, өткен жылдың қорытындысы бойынша Мәжіліс пен мәслихат депутаттарын сайлауда жастар, әйелдер және мүмкіндігі шектеулі жандар үшін арнайы квоталар қолданылған. Сонымен қатар, министрлердің, вице-министрлердің және ведомстволардың басшыларының лауазымдарына Жастар кадрлық резервінен шыққан адамдар тағайындалады. Менің ойымша, еліміздің қазіргі саясаты, Президентіміз таңдаған жол жастарға үлкен мүмкіндіктер ашады деп санаймын.

Дайындаған
Нұржамал ӘЛШЕВА.



Ғалымжан КЕРІМБЕК,
Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті,
экономика ғылымының кандидаты:

ӨРКЕНДЕУ БАСТАУЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қаруымыз керек» тақырыбындағы сұхбатында қоғамды толғандыратын мәселелер туралы пікір білдірді. Соның ішінде экономика тақырыбына қатысты бірнеше мәселелерді атап өтті. «Халықаралық валюта қорының сарапшылары 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның Ішкі жалпы өнімі қазіргі бағамен есептегенде 259 миллиард доллардан асады, яғни 2022 жылмен салыстырғанда 15 пайызға артады деп бағалап отыр. Бұл – Орталық Азиядағы ең жоғары ақшалай өсім. Жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім де өсіп келеді... Шын мәнінде, мен үшін макроэкономикалық көрсеткіштер соншалықты маңызды емес, азаматтардың тұрмыс сапасының іс жүзінде жақсаруы одан әлдеқайда маңыздырақ. Халқымыз «Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді. Үкімет экономиканы басқарудың тың тәсілдерін қолдана алса, жаңа айтылған жақсы болжамдар ақиқатқа айналады», – деп нақты ақпараттар негізінде ойын нақты жеткізді.

Шынында, қазір Үкіметтің алдында өте маңызды міндеттер тұр. Сонымен қатар, Үкіметке «Барлық деңгейдегі шенеуніктер мен басшылар қоғамның тамырын тап баса білуге, азаматтардың мұн-мұқтажын тыңдап-түсінуге, соған сәйкес дер кезінде нәтижелі шаралар қабылдауға және дұрыс шешім шығаруға қабілетті болуы керек. Бұл – ең басты талап. Олар «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген қағидаға берік ұстануға тиіс», – деп баса айтты. Ал енді Қазақстанның әрбір азаматына «Күнделікті атқарылуға тиіс жұмыстар да аз емес. Бұл жылдың ел тарихында қандай орын алатыны барша азаматымыздың ерік-жігеріне де байланысты. Бірақ осы мақсатқа жету үшін біз бір ел болып, білек сыбана жұмыс істеуіміз керек», – деді. Сондықтан егеменді еліміздің әрбір азаматы «Мемлекет маған не береді» дегеннің орнына «Мен мемлекетке не бере аламын», – деген қағидамен Президенттің саясатын қолдап, барынша адал қызмет жасауы тиіс.

«Алматы ақшамы» газетінің 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №153-154 санында менің «Салық қызметі: мемлекеттің негізгі табыс көзі саналатындықтан бұл органға арнайы мәртебе берілуі қажет» тақырыбында тілші Досбол Атажанмен сұхбатым жарияланды. Осы сұхбатта Президентіміздің «жаңа Салық кодексіні әзірлеу қажет» деген тапсырмасына байланысты еліміздің салық саясатына экономист-сарапшы ретінде экономикалық талдау негізінде сараптама жасаған едім. Қазақстанда салық саясаты мен салық тетігінің тиімділігін арттыру – елдің экономикалық дамуы үшін өте маңызды болып саналады. Осы мақсатқа жету үшін Салық кодексіні жеңілдету, салықтық әкімшілендіруді цифрландыру, салықтық бақылауды күшейту, салық төлеушіде «Салық мәдениетін» қалыптастыру, салық төлеушінің білім деңгейін көтеру, салық саясатында ашықтықты арттыру, мемлекеттік мекемелердің арасындағы үйлесімділікті жандандыру, салықтың түрлерін оңтайландыруды жақсарту қажет. Аталған бағытта бірнеше іс-шаралар жүзеге асырылуда.

Жаңа 2024 жылда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен және жалпы халықтың қолдауымен еліміздің өркендеуі жолында көптеген айтулы бағдарламалар жүзеге асырылып, тиімді іс-шаралардың орындалатынына сенеміз.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.



ДЕМАЛЫС АЙМАҒЫ



«ТЕРЕҢҚҰРДА»

сырғанақ пайда болады

Әр маусымға тән сейіл-серуені болады. Жазда адамдар суға шомылып, күнге қыздырынса, қыста шаналарын арқалап биік жоталарға, таулы қыраттарға бет түзейді.

ның бойында орналасқан. Шанамен құлдилағанда қауіпті бұрылыс жасап, дене жарақатын алу деген қауіп жоқ. Құрылым 20 градус бұрышта орнатылып, 5 арнаға бөлінген, әрқайсысы арнайы тормен қоршалған. Оның үстіне мәреде тежегіш тор мен арнайы жұмсақ қаптар бар.

Сырғанақ тепкеннен кейін демалушылар үрлемелі баллондарды дөң басына өздері сүйретпейді, ол үшін арнайы фуникулер жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ, келушілер қауіпсіздік техникасы бойынша оқудан өткен нұсқаушылардың бақылауында болады.

Бұған қоса, кешен аумағындағы террасада қоғамдық тамақтану орындары бар демалыс аймағы ұйымдастырылады.

Жаңа сырғанақ аймағының ашылуы 15 қаңтарға жоспарланған. Баллонды бір сағатқа жалға алу құны – 3 мың теңге. Бір рет сырғанау – 500 теңге. Жұмыс кестесі туралы қосымша хабарланады.



Мәншүк БЕКБОСЫН

Осы орайда «Тереңқұр» демалыс аймағының тоғанында тюбингпен сырғанауға арналған 50 метрлік қысқы сырғанақ салынады. «Қар сырғанағы» деп аталатын бұл әлеуметтік жоба жеке қаражат есебінен жүзеге асқан екен. Сырғанақ жасау үшін ұйымдастырушылар күз мезгілінде тоғанның суын арнайы сорып алған. Қыс біткен соң сырғанау аймағы қайта бөлшектегіп, алынып тасталады.

Бұр сырғанақтың ерекшелігі сол, сырғанақ тоған-

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

ҚОСАЛҚЫ СТАНЦИЯ
200 мың тұрғынды қамтиды



Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматының электрмен жабдықтау саласын модернизациялау үшін 200 мың тұтынушыны қамтитын электр қосалқы станциясының құрылысы жүргізілуде.

2024 жылдың қыркүйегінде қуаты 80 МВт болатын «Тұздыбастау» ҚС-ның құрылысын аяқтау жоспарлануда. Айта кетерлігі, сенімді және үздіксіз



электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша 2040 жылға дейінгі перспективпен Алматы қаласының электр желілерін дамытудың 2030 жылға дейінгі сызбасының жобасы әзірленді.

Оған кабельдік желілерді, трансформаторлық қосалқы станцияларды, жабық тарату құрылғыларын салу және реконструкциялау кіреді. Алматы мен қалаға қосылған аумақтарды электрмен жабдықтау сызбасын әзірлеу қосымша электр қуатын қосу бойынша тапшылықты жоюға, Бас жоспарға сәйкес қаланың дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жобаны іске асырғаннан кейін тоған желілердің азаюына байланысты тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру жоспарлануда. Еске салсақ, Алматы қаласы бойынша электр желілерінің ұзындығы – 8,6 мың шақырым, ал электр желілерінің тозуы 65%-ды құрайды.

ҚЫЗМЕТТІК КӨЛІК

Ветеринарлық қызметте автопарк жаңарды



Қаламыздағы «Қалалық ветеринариялық қызмет» ШЖҚ КМК үшін борттық платформасы бар 12 жеңіл жүк көлігі, 2 трицикл, трактор, аулау қызметінің жұмысшыларын тасымалдауға арналған жолаушылар автобусы және жеңіл автокөлік сатып алынды.

Қазіргі уақытта аулау қызметіне 6 автокөлік жұмылдырылған. Соның ішінде бұрнағы жылы сатып алынған 3 JAC маркалы арнайы машина мен 2013 жылғы 3 Hyundai Porter маркалы автокөлік бар.

Қаңғыбас жануарларды

аулауға арналған машиналар қаланың барлық ауданына таратылады. Бекітілген бригадалар аудандық әкімдіктермен жасалған меморандумға сай, келіп түскен өтінімдерді пысықтайтын болады.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

ТҰСАУКЕСЕР

КОМЬЮНИТИ ОРТАЛЫҚТАР

жастарға психологиялық және құқықтық көмек көрсетеді

Бүгін Алматыда NEET жастарға арналған Медеу, Жетісу және Алатау ауданының жаңа комьюнити-орталықтарының тұсаукесері өтті.



Ернұр РЫСБАЙ

Іс-шараға аудан әкімдері, қоғамдық белсенділер, қала жастары және басқа да қонақтар қатысты.

Әрбір комьюнити-орталық 300 м² қоғамдық кеңістік болып табылады, онда психологиялық-құқықтық көмек көрсетіледі, жұмысқа орналастыру, кәсіптік бағдар беру және кәсіпкерлік мәселелері бойынша кеңестер беріледі, сонымен қатар жастардың идеяларын жеделдету үшін коворкинг аймағы болады. Комьюнити-орталықтар олардың мүдделері ұқсас жастарды біріктіре отырып, шығармашылық бастамаларды ілгерілету және пікір алмасу алаңына айналады.

Комьюнити-орталықтарды дамыту – Қазақстандағы жалғыз жоба. Олар үшін ғимараттарды Алматы әкімдігі 2023 жылы сатып алып, жөнделуен өткізді.

Мұнда білім беру және мәдени іс-шаралар тегін өткізіліп, жастар білікті психологиялық-құқықтық көмекке, жұмысқа орналасуға, қаржылық мәселелер бойынша кеңес ала алады.

Естеріңізге сала кетейік, Алматы – жастар қаласы. Бізде 14 пен 35 жас аралығындағы 680 мыңнан астам жас бар. Мұнда жастарды қолдауға қажеттінің бәрі бір жерде жинақталған: оған әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар бойынша кеңес беру, психологиялық және құқықтық көмек көрсету, NEET жастарын қысқа



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

мерзімді курстар арқылы қазіргі мамандықтарға оқыту және жұмысқа орналастыру кіреді. 2025 жылы комьюнити-орталықтарының саны 16-ға дейін, яғни әр ауданда 2-ден болады. Осылайша Алматы қаласында жастар саясатын тиімді жүргізу үшін кешенді инфрақұрылым құру мәселесі шешілуде.

8 комьюнити-орталықтарының жалпы қамтуы жылына 800 мыңнан астам жастарды құрайды. Орталықтардың жұмыс кестесі қаңтардың екінші жартысында жарияланады. Жастар жаңа мамандықтар мен қажетті дағдыларды үйден – жақын маңдағы комьюнити-орталығынан бір қадам қашықтықта үйрене алады. Тұрғылықты жерін ескере отырып сабаққа қатысу мүмкіндігі тыңдаушыларды көбірек қамтуға мүмкіндік беріп, белсенділікті арттырады.

«Біз комьюнити-орталықтардың функцияларын 3 негізгі топқа бөлдік. Бұл – білім беру, жұмысқа орналастыру және жеке даму. Мұнда жұмыссыз жастар Мемлекеттік бағ-

дарламалар, психологиялық және заң көмегі бойынша кеңес алады, сондай-ақ жұмысқа орналасу мен оқуға қатысты сұрақтарға жауап ала алады. Ол үшін «JasAlmaty.kz» ақпараттық порталына тіркеліп, «JobFair365» жұмысқа орналастыру платформасында түйіндемеңізді қалдырсаңыз болғаны. Сонымен қатар, керекті бос жұмыс орны бойынша қажетті дағдылары болмаса «SkillBridge» платформасында әртүрлі мамандықтар бойынша қысқа мерзімді оқытудан өте алады. Порталды ыңғайлы пайдалану мақсатында App Store-да «JasAlmaty.kz» мобильді қосымшасын іске қосыңыз», – деді Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Қайыржан Мендіғалиев.

Айта кетейік, комьюнити-орталықтарының резиденттері үшін барлық қызмет тегін. Бұған қоса, көлікке, қоғамдық тамақтануға, спорттық және мәдени инфрақұрылымды пайдалануға, оқыту мен шеберлік дәрістеріне жеңілдіктер беретін кешенді дисконттық карталар іске қосылған.

БРИФИНГ

АҚ ҚАР, КӨК МҮЗДА
АБАЙЛАҒАН ЖӨН

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте құтқарушы-мамандар аймақта қыс мезгілінде тау мен су айдынында серуендеуде қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары жайында мәлімдеді.



Айнабай МӘДІ

Брифингке қатысқан ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Республикалық жедел-құтқару жасағы сүңгуір-құтқару бөлімшесінің басшысы Андрей Быбченко, аталған жедел-құтқару жасақтың бас құтқарушысы Біржан Байқұлов «Абайлаңыз, жұқа мұз!» тақырыбында су айдындарындағы қауіпсіздік шаралары жайында ескертіп, кеңестерімен бөлісті.

Әлбетте, туристік сапарға шықсаңыз, қауіпсіздік шара-сын сақтау – ең қажетті шарттың бірі. Андрей Быбченко атап өткендей, қыс мезгілінде төтенше жағдайдың негізгі себептері – балық аулау кезінде мұздағы қауіпсіздік талабын сақтамау, жұқа мұз үстімен көлікпен жүру мен балаларды ересектердің қараусыз қалдыру.

«Мұзды түсіне қарап білуге болады. Ең берік мұздың түсі мөлір, көгілдір немесе көк болады. Ал сұр, сары, жасыл, басқа түстер мұздың жұқа екенін білдіреді. Мұздың қаншалықты берік екені оны бұрғылау, қалыңдығын өлшеу кезінде білінеді. Егер су қоймасындағы мұзда қар жамылғысы болса, қысқы балық аулау кезінде белгілі бір қауіпсіздік ережесін сақтау қажет. Таяқ алып жүрген тиімді. Жаяу серуен кезінде мұздың беріктігін таяқпен ұрып көру арқылы анықтай аласыз. Сондай-ақ, мұзда болуы мүмкін шұңқырлар мен кедергіні біле аласыз», – деп кеңес береді сүңгуір-құтқару бөлімшесінің басшысы Андрей Быбченко.

Ел аумағында балық аулаудың өзіндік заңды тәртібі бар, оған назар аудару керек. Қатпаған мұзбен жүруге, сондай-ақ көлікті мұзда қалдыруға болмайды», – деп кеңес берді жедел-құтқару жасағының бас құтқарушысы Біржан Байқұлов.

КЕРЕК КЕҢЕС

Қысқы кезеңде төтенше жағдайдың алдын алу үшін (мұздағы жазатайым оқиға, көктайпақ, қар көшкіні, үсік, боран) құтқарушылар профилактикалық рейд жүргізеді. Кең ауқымды алдын алу жұмысын жүргізуде мобильді құлақтандыру кешені іске қосылады. Бұл іс-шаралар адам көп жиналатын және қысқы балық аулау орындарында өткізіледі.



ЖЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ

ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛ-АУҚАТЫ

Биылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы төлемдері мен мемлекеттік жәрдемақылар мөлшері өсті

Мемлекет басшысы жариялаған жаңа әлеуметтік саясат осындай ауқымды өзгерістердің негізгі аспектісі болып табылады. Осы жаңашылдықтар 2023 жылы 1 шілдеден күшіне енген Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде көрініс тапты. Мемлекет басшысы «2024–2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2023 жылғы 5 желтоқсандағы №43-VIII Заңға қол қойды, оған сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мынадай көрсеткіштер негізінде әлеуметтік төлемдерді есептеу кезінде пайдаланылатын базалық көрсеткіштердің өзгеруі көзделді:

- айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 3692 теңгені құрайды;
- ең төменгі зейнетақы – 57 853 теңге;
- базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейі (ТҚД) – 43 407 теңге;
- ең төменгі жалақы мөлшері – 85 000 теңге;
- ең төменгі мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері – 28 215 теңге.

Әлеуметтік төлемдер мен мемлекеттік жәрдемақылардың өскені туралы тақырыпты бізге Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Асқар Аймағамбетов толық тарқатып берді.

Жасқа және еңбек сіңірген жылдарға байланысты зейнетақы

«Жасына байланысты және еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы төлемдері 9%-ға пайызға өседі. Бұл ретте 2024 жылы жасына байланысты жаңадан тағайындалатын зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыс 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 55 еселенген АЕК (203060 теңге) құрайды», – деді А.Аймағамбетов.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі

Жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне қосымша мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі төленеді, оның мөлшері зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты болады. Зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін істеген жұмыс өтілі, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі қосылады, ол жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе Бірінші жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезеңділігі бойынша айқындалады.

Биылғы қаңтардан бастап базалық зейнетақы мөлшерін есептеу тәртібі біршама өзгерді. Егер бұрын еңбек өтілі болмаған және 10 жылға дейін болған жағдайда, оның мөлшері 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі күнкөріс деңгейінің (ТҚД) 60%-ын құраса (2023 жылға дейін 54%), енді 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап бұл мөлшер 65%-ға дейін көтерілді.

10 жылдан асатын әрбір толық жылға базалық зейнетақы мөлшері 2%-ға артады, бірақ жалпы алғанда ТҚД-нің 105%-ынан аспайды (2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ТҚД-нің 100%-ын құраған). Мысалы, жалпы еңбек өтілі 25 жыл болған жағдайда базалық зейнетақы мөлшері 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ТҚД мөлшерінің 95%-ын құрайды (2023 жылы қолданыста болған нормалар бойынша 90% еді). Ал 30 жыл және одан жоғары болған жағдайда базалық зейнетақының мөлшері 2024 жылғы қаңтардан бастап ТҚД мөлшерінен 105% мөлшерінде есептелетін болады (немесе 45578 теңге).

Сонымен, Алматы қаласы бойынша зейнетақы төлемдерін арттыру 242 мың алушыға жүргізілетін болады, олардың орташа зейнетақы төлемі 134 мың теңгені құрайды (оның ішінде жасына байланысты зейнетақы – 93385 теңге және базалық зейнетақы – 40 711 теңге).

Бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақы

«Қазақстанда бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақы отбасының табысына қарамастан, отбасында бірінші, екінші және үшінші бала туылғанда 38 АЕК мөлшерінде тағайындалады. Сәйкесінше, 2024 жылғы қаңтардан бастап 140 296 теңгені (38*3692 теңге) құрайды. Ана мен баланы қолдау жөніндегі мемлекеттік саясат шеңберінде отбасында төртінші және одан да көп бала туылғанда біржолғы жәрдемақы 63 АЕК мөлшерінде тағайындалады және 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап жәрдемақы 232 596 теңгені құрайды (63*3692 теңге).

Ал егер егіз (үшем және т.б.) туылған жағдайда әр балаға біржолғы жәрдемақысы төленеді және оның мөлшері отбасындағы

балалардың туылған санына байланысты», – дейді А.Аймағамбетов.

Атап өту керек, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған 2022 жылғы қыркүйектегі Жолдауында берілген тапсырмасына сәйкес бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеу мерзімі бала 1,5 жасқа толғанға дейін ұлғайды, оның мөлшері 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- отбасындағы бірінші балаға – 21 266 теңге (5,76 АЕК);
- екінші балаға – 25 143 теңге (6,81 АЕК);
- үшінші балаға – 28 983 теңге (7,85 АЕК);
- отбасындағы төртінші және одан да көп балаға – 32 859 теңге (8,9 АЕК).

Аталмыш өзгерістің игілігін Алматы қаласы бойынша бала күтіміне байланысты 9018 жәрдемақы алушы көретін болады.

Күтім жасайтындар жәрдемақысы

Мүгедектігі бар бала (балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге де жәрдемақы тағайындалады.

«Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жүйесіне бекітілген ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің өзгеруін ескере отырып, төленеді және ол 2024 жылғы қаңтардан бастап ТҚД-нің 1,61-ін құрайды (немесе 69 886 теңге). Сондай-ақ, 2024 жылғы қаңтардан бастап бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға берілетін жәрдемақы (яғни 18 жасстан асқан) ТҚД-нің 1,61-ін құрайды (немесе 69 886 теңге)», – дейді Асқар Аймағамбетов.

Көпбалалы аналар үшін

Әлеуметтік кодекске сәйкес, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап Республикалық бюджеттен «Алтын алқамен» марапатталған, «Батыр ана» атағы бар, яғни 7 және одан да көп бала туып, тәрбиеленген I және II дәрежелі «Ана данқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналарға төленетін жәрдемақы мөлшері 7,4 АЕК-ке дейін көтерілген еді, биылғы 1 қаңтардан бастап 27 321 теңгені құрайды.

Өз кезегінде «Күміс алқамен» марапатталған аналарға берілетін жәрдемақы мөлшері 2024 жылдың қаңтарынан 23 629 теңгені (6,4 АЕК) құрайды. Алматы қаласы бойынша бұл өзгерістердің жемісін 5544 анамыз көретін болады.

Бұдан басқа, төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көпбалалы отбасыларға республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін АЕК мөлшерінің өзгеруі ескеріле отырып төленеді және тиісінше 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мыналарды құрайды:

- төрт балаға – 59 183 тг (16,03 АЕК);
- бес балаға – 73 988 тг (20,04 АЕК);
- алты балаға – 88 793 тг (24,05 АЕК);
- жеті балаға – 103 598 тг (28,06 АЕК);
- сегізінші және одан да көп балаға – әр балаға 14 768 теңгеден (4 АЕК-ен) (немесе барлығы 118 144 теңге).

Бұл өзгерістер төрт және одан көп баласы бар көпбалалы 32 310 отбасыға тиесілі болмақ.



Мүгедек жандарға қамқорлық

ТҚД-нің өсуіне байланысты, мүгедектігі және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшері, оның ішінде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында тұратын және түзеу мекемелеріндегі тұлғалар үшін Кодекстің 177 және 236-баптарында көзделген мөлшерлерде белгіленеді. Алматы қаласы бойынша мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын 39384 алушы және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын 13 553 алушы өзгерістерге ие болады. Биылғы 1 қаңтардан бастап мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар оларды алушылардың әртүрлі санаттары бөлінісінде мынадай мөлшерде төленеді:

- жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға – 69 886 теңге (1,61 ТҚД);
- 7–18 жастағы I топ мүгедектігі бар балаларға – 95 496 теңге (2,20 ТҚД); II топ – 79 435 теңге (1,83 ТҚД); III топ – 69 886 теңге (1,61 ТҚД);
- бала кезінен I топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 95 496 теңге (2,20 ТҚД); II топ – 79 435 теңге (1,83 ТҚД); III топ – 69 886 теңге (1,61 ТҚД).

«Мысалы, жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланы тәрбиелейтін анасына (немесе әкесіне) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ай сайыны алатын жалпы жәрдемақылар төлемі 139 772 теңгені құрайтын болады (оның ішінде мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшері 69 886 теңге және мүгедектігі бар баланы тәрбиелейтін анасына (немесе әкесіне) төленетін жәрдемақы мөлшері 69 886 теңге)», – дейді А.Аймағамбетов.

Әскери қызметкерлер

Жалпы ауруға шалдығудан, жұмыста мертігуден, кәсіптік ауруға шалдығудан болған мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ мүгедектігі әскери қызметтегі міндеттерін, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметін (қызметтік міндеттерін) атқаруға байланысты емес жазатайым жағдайдың салдарынан болған мертігу не әскери және қызметтік борышын орындауға байланысты емес ауруға шалдығу салдарынан болған кезде әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері, Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары мен бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің басшы және қатардағы құрамының адамдары арасынан шыққан мүгедектігі бар адамдар үшін:

- I топқа – 95 496 теңге (2,20 ТҚД);
- II топқа – 76 397 теңге (1,76 ТҚД);
- III топқа 52 089 теңге (1,20 ТҚД) мөлшерлерінде тағайындалады.

Мүгедектігі әскери қызметін өткеру кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан болған мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер қатарынан мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі азаматтық немесе әскери мақсаттағы ядролық объектілердегі авариялардың зардаптарына жою кезінде не ядролық объектілердегі авариялық жағдайлардың салдарынан болған адамдар және себеп-салдарлық байланысы анықталған жағдайда төтенше экологиялық жағдайлар, оның ішінде ядролық жарылыстар мен сынақтар кезіндегі радиациялық әсер етудің салдарынан және/немесе олардың зардаптарынан болған мүгедектігі бар адамдар үшін:

- I топқа – 139 771 тг (3,22 ТҚД);
- II топқа – 119 370 тг (2,75 ТҚД);
- III топқа 100 271 тг (2,31 ТҚД) мөлшерлерінде тағайындалады.

Мүгедектігі әскери қызметті, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметті өткеру кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан болған әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері, қызметтік міндеттерін атқару кезінде Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары мен бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері арасынан шыққан мүгедектігі бар адамдарға:

- I топқа – 171 024 тг (3,94 ТҚД);
- II топқа – 131 958 тг (3,04 ТҚД);
- III топқа 100 271 тг (2,31 ТҚД) мөлшерлерінде тағайындалады.

Сонымен қатар, мүгедектігі бар адамдар мүгедектігін белгілеу күніне міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы болып табылса (МӘСҚ жұмыс берушімен міндетті әлеуметтік аударымдар жүргізілсе) жәрдемақыға қосымша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – МӘСҚ) еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем жүргізіледі.

Үкіметтің 2023 жылғы 19 қазандағы №925 «МӘСҚ әлеуметтік төлемдердің мөлшерін ұлғайту туралы» қаулысына сәйкес, еңбекке қабілеттіліктен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер мөлшері 2024 жылғы 1 қаңтардан 7%-ға өсті.

Асыраушысынан айырылған жағдайда

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейі (43 407 теңге) өсуіне байланысты 2024 жылғы қаңтардан бастап ұлғаяды. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшері қайтыс болған адамның отбасындағы еңбекке қабілетсіз мүшелер санына, қайтыс болу себебіне және ең төменгі күнкөріс деңгейіне байланысты болады.

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік жәрдемақының мөлшері:

- отбасының еңбекке қабілетсіз бір мүшесі болған кезде – 39 935 теңге (ТҚД 0,92);
- екі мүшесі болған жағдайда – 73 792 теңге (ТҚД 1,70);
- үш мүшесі болса – 976 66 теңге (ТҚД 1,85);
- төрт мүшесі болса – 112 859 теңге (ТҚД 1,96);
- еңбекке қабілетсіз бес мүшесі болған кезде 119 370 теңге (ТҚД 2,03) тағайындалады;
- отбасының еңбекке қабілетсіз алты және одан да көп мүшесі болған кезде жәрдемақының мөлшері әрқайсысына (130 221 теңге) 3,00 ТҚД-нен тең үлесі ретінде есептеледі;
- ата-анасының екеуінен де айырылған жағдайда жетім балаларға асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша айлық жәрдемақы әрбір балаға 668 47 теңге (1,54 ТҚД) мөлшерінде, отбасының еңбекке қабілетсіз мүшелеріне – 269 13 теңге (0,62 ТҚД) мөлшерінде, бірақ отбасының еңбекке қабілетсіз барлық мүшелеріне 2,92 ТҚД (126 749 теңгеден) аспайтын мөлшерде тағайындалады.

Зейнетақы немесе мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлемін алушылары қайтыс болған жағдайда, оның отбасына немесе жерлеуді жүзеге асыратын адамға жерлеуге төленетін біржолғы төлем 35 АЕК мөлшерінде, яғни 2024 жылы 129 220 теңгені құрайтын болады.

ҰОС ардагері болған жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алушы қайтыс болса, оның отбасына немесе жерлеуді жүзеге асыратын адамға жерлеуге төленетін біржолғы төлем 36,6 АЕК мөлшерінде, яғни 2024 жылы 135 128 теңгені құрайтын болады.

«Бүгінгі күні барлық 360 мың алматылық зейнетақы және әлеуметтік төлем алушы тұрғынға 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін ақпараттық жүйелердегі деректер негізінде зейнетақы мен жәрдемақыларды арттыру жұмысы толық аяқталды, сондықтан қандай да бір құжаттарды ұсыну талап етілмейді», – деп сөзін қорытындылады Асқар Аймағамбетов.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мемлекет басшысы күні кеше «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында әлеуметтік салада қордаланып қалған мәселелердің біртіндеп шешіле бастағанын атап өтті. Мәселен, әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарға кешенді түрде қолдау көрсету үшін «Әлеуметтік кодекс» қабылданғанын, зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтар үшін арнайы төлемақы енгізілгенін айтты.

Иә, биылғы 1 қаңтардан бастап енгізілген бұл төлем еңбекшілердің денсаулығы мен әл-ауқатын жақсартуға бағытталған. Осы туралы Алматы қаласы бойынша Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті департаментінің басшысы Асқар Аймағамбетов ӨКҚ алаңында өткен брифингте кеңірек баяндады.

Қолдау һәм қорғау

Денсаулыққа зиян келтіретін жерде жұмыс істейтін қызметкерлерге биыл арнайы әлеуметтік төлем төленеді. Төлемді тағайындаудың негізгі шарттары: 55 жасқа толу және зейнеткерлік жасқа әлі жетпеуі, сондай-ақ БЖЗҚ-да кемінде 84 ай міндетті кәсіптік зейнетақы аударымдарының болуы. Департамент басшысы А.Аймағамбетов атап өткендей, бұл жарналарды жұмыс берушілер 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап өндіруге міндетті. Осы екі шарт ең алдымен, тізбесі ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бұйрығымен бекітілген металлургия, кеншілер, энергетика және басқа да мамандық иелеріне қатысты. Талап – зиянды еңбек жағдайындағы жұмысты тоқтату. Осылайша жұмысшы жұмыс берушімен келісім бойынша зиянды факторлардың әсерін болдырмайтын басқа жұмысқа ауыса алады немесе еңбек шартын бұза алады.

«Алдын ала деректер бойынша, 2024 жылы жоғарыда көрсетілген екі шарт бойынша – бұл 55 жас және кемінде 7 жыл өтілі бар, мұндай қызметкерлердің саны 37 мың адамды немесе 99-ға жуық алматылық тұрғынды құрап отыр», – деді спикер.

Қаржыландыру көздеріне келетін болсақ, негізгі 4 төлем көзі белгіленді:

– республикалық бюджет. Төлем үшін сома ең төменгі күнкөріс деңгейінің 2 еселенген мөлшерінде айқындалған, яғни 2024 жылға 86 мың теңгеден сәл артық;

– сақтандыру компанияларынан төлемдер. Төлем үшін сома 1-ші күнкөріс минимумы немесе 43 мың теңге мөлшерінде айқындалған;

– ортақ жауапкершілік шеңберінде жұмыс берушілер де 1-ші күнкөріс деңгейі мөлшерінде төлейтін болады;

– сонында қызметкерге БЖЗҚ-да өз жинақтарын бүгінгі күнге аударылып отырған жарналар есебінен пайдалану құқығы беріледі.

«Қазір әрбір қызметкерге БЖЗҚ-ның 10% табысынан, ал жұмыс беруші зиянды еңбек жағдайында жұмыскерлер үшін 5% аударылады. Осылайша арнаулы әлеуметтік төлемдер алуға құқық берілген жағдайда орташа мөлшері шамамен, 200 мың теңгені құрайды. Ал егер осындай салаларда жұмыс істейтін қызметкерлердің табысын ескере отырып, жеке қарайтын болсақ, олардың мөлшері әлдеқайда жоғары болуы мүмкін», – деп түсіндірді спикер.

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖҮЙЕСІ

Мемлекет қолға алған барлық іс-шара қаладағы жұмыссыздық деңгейін төмендетуге мүмкіндік берді

Мегаполисте еңбек нарығындағы жағдай жақсарды. Атап айтқанда, 2023 жылдың III тоқсанында жұмыссыздық деңгейі 4,8%-ға дейін төмендеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов мәлімдеді.

Кәсіп бастауға жол ашық

Спикер халықты жұмыспен қамту тақырыбы маңызды мәселелердің бірі болып қала беретінін атап өтті. Алматылықтарға «Еңбек ұтқырлығы орталығы» мен «Мансап орталығы» жұмысқа орналасуға көмектеседі.

«Бытыр 87,4 мың адам жұмыспен қамтудың белсенді іс-шараларына тартылды, оның ішінде тұрақты және уақытша жұмыс орындарына 41,5 мыңнан астамы (47,5%) орналастырылды», – деді спикер.

Алматыда жеке бизнесін жаңа бастаған кәсіпкерлер өз істерін дамытуға гранттар алды.

«Бастау Бизнес» жобасы және гранттар бойынша ісін жаңа бастаған 10,3 мың кәсіпкер қолдау алды, бизнес ашығысы келетін 135 жасқа 5 млн теңгеге дейін жеңілдікпен (жылдық 2,5%-бен) шағын несиелер берілді. Курстардан 4 мыңнан астам адам өтті, 31,3 мың оқушы, студенттер мен жұмыссыздар арасында кәсіптік бағдар өткізілді», – деп атап өтті сала маманы.

Ұлттық жобалар аясында және кәсіпкерлік субъектілерінің қолдауымен 89 995 жұмыс орны құрылды, олардың 81%-ы немесе 72 824-і тұрақты жұмыс орындары.

«Осылайша халықты жұмыспен қамту бойынша мемлекет қолға алған барлық іс-шара қаладағы жұмыссыздық деңгейін 5%-дан 4,8%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді», – деп атап өтті Б.Жаубасов.

Жұмыспен қамту жүйесін одан әрі дамыту мақсаттарының бірі – кәсіби дағдылары жоқ адамдардың жұмыс табу мәселесіне ерекше назар аударылады.

«Іске асырылып жатқан жұмыспен қамту бағдарламаларының тиімділігін арттыру мақсатында қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздар міндетті түрде жаңа кәсіптер мен дағдыларды алу үшін «Skills Enbek» порталында онлайн оқытудан өтетін болады. Бұл қала бюджетіне жүктемені азайтуға мүмкіндік береді», – деді Б.Жаубасов.

Зейнеткерлік жасқа дейінгі адамдар мен зейнеткерлерді жұмыспен қамту үшін оларды одан әрі жұмысқа орналастыра отырып, жұмыспен қамтудың жаңа бағдарламасын енгізу мәселесі де қаралуда.

«Биыл 12,5 мың адамды жұмыспен қамту, 90 508 жұмыс орнын ашу жоспарлануда, оның ішінде 67 654-і (74,7%) тұрақты жұмыс орындары болмақ», – деді спикер.

Мұқтаж жандарға едәуір көмек

Спикердің айтуынша, аз қамтылған халықты қолдау бағыттарының бірі – әлеуметтік көмектің 17 түрін көрсету. Әлеуметтік көмектің негізгі алушылары – ардагерлер мен оларға теңестірілген адамдар, жалғыздікті зейнеткерлер,

мүгедек жандар, өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдар, әлеуметтік маңызы бар аурулардың кейбір түріне (туберкулез, АИТВ-инфекциясы) шалдыққандар.

Сондай-ақ, спикер жыл сайын әлеуметтік көмектің мөлшері қайта қаралатынын, сондай-ақ көмектің жаңа түрлері енгізілетінін атап өтті.

«Әлеуметтік тұрғыда қосымша қолдау мақсатында Алматы қаласы мәслихатының қолдауымен шешіміне өзгерістер енгізілді, онда 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға ҚР Тәуелсіздік күніне орай біржолғы әлеуметтік көмек мөлшері 150 мың теңгеден 250 мың теңгеге дейін ұлғайтылды. Бұл көмекті Желтоқсан оқиғасына қатысқан 676 адам алды», – деді Бауыржан Жаубасов.

Сондай-ақ, басқа мемлекеттердің аумағындағы жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқан ардагерлері үшін Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстаннан шығару күніне 100 мың теңгеден жаңа төлем енгізілді. Осылайша басқа мемлекеттердің аумағындағы жауынгерлік іс-қимылдардың ардагерлері 200 мың теңге алады: 9 мамыр мен 15 ақпан қарсаңында 100 мың теңгеден.

Бұдан басқа, биылдан бастап белгіленген квотаға сәйкес желтоқсан оқиғасының ақталған қатысушылары (120 квота бойынша) және зейнеткерлік жасқа толмаған басқа мемлекеттер аумағындағы жауынгерлік іс-қимылдардың мұқтаж ардагерлеріне (180 квота бойынша) жыл сайынғы санаторий-курорттық ем ұсыну көзделген. Сондай-ақ, Желтоқсан оқиғасының ақталған қатысушылары қалалық қоғамдық көлікте тегін жүруге құқылы. Ал биыл 2,9 мың ауған ардагері мен Желтоқсан оқиғасының 700 қатысушысын (444 млн теңге) қосымша әлеуметтік тұрғыда қолдау көзделіп отыр.

«Инватакси»

қажетке жарап тұр

Мүгедек жандарды әлеуметтік қолдау мен олардың өмір сүру сапасын арттыруда – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі. Бауыржан Жаубасовтың айтуынша, Алматыда 56,7 мың мүмкіндігі шектеулі адам тұрады. Негізінен, мүгедек жандарды әлеуметтендіру денсаулығы жоқ адамдардың қажетіне жарайтын техникалық көмекші құралдармен және оналтудың әлеуметтік қызметтерімен уақытылы және атаулы қамтамасыз ету жолымен жүзеге асырылады.

«2023 жылға 12,7 млрд теңге бөлінді. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдауға бөлінетін қаржы қаражатының көлемі жыл сайын артып келеді (2020 жылы – 4,6 млрд теңге, 2021 жылы –

5,2 млрд теңге, 2022 жылы – 7,9 млрд теңге)», – деді Бауыржан Жаубасов.

Мүгедек жандар техникалық оналту құралдарына өз бетінше тапсырыс бере алады. Оналту құралдарымен қамтамасыз ету әлеуметтік қызметтер порталы арқылы жүзеге асырылады. Порталда қажетті қаражат болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік сатып алу арқылы баламалы қамтамасыз етуді таңдауға құқығы бар.

Мүмкіндігі шектеулі ересектер мен балаларға, жүріп-тұруы қиын жандарға «Инватакси» қызмет көрсетіп келеді.

Қала әкімінің тапсырмасымен «Тен Qogam» мүгедек адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы» әлеуметтік жобасын кеңінен насихаттау мақсатында іс-шаралар қабылданды. Қала аудандарында 8 орталық ашылды, онда былтыр 6 454 адам қызмет алды.

Алматыда кресло-арбалардың бөлшектерін жөндеу және ауыстыру бойынша тегін орталық жұмыс істейді, онда арбамен жүретін 600 адамға қызмет көрсетіледі.

Спикер сондай-ақ, мүгедек адамдарға, зейнеткерлерге, өмірлік қиын жағдайға тап болғандарға стационар, жартылай стационар, үйде қызмет көрсету және уақытша мекендеуге болатын 10 медициналық-әлеуметтік мекеменің қызмет көрсететінін де атап өтті.

Қарттар белсенді

Бытыр Алматының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарында қарт тұрғындарға 645 мыңнан астам түрлі қызмет көрсетілген. Мегаполисте барлығы 10 осындай орталық жұмыс істейді. Аудан әкімдіктері жанынан жұмыс істейтін 9 орталықта 8101 зейнеткер бос уақытын тиімді өткізді, 559 мыңнан астам қызмет алған.


«Орталықтардың қызметі егде жастағы азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға, оларды шығармашылық жағынан қолдауға, қоғамдық жұмыстарға белсенді тартуға және ұрпақтар сабақтастығына жәрдемдесуге бағытталған. Спикер аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға көмек көрсететін «Бақытты отбасы» орталықтарының қызметіне де тоқталды. Қалада 71,7 мың адамды қамтитын 9 «Бақытты отбасы» орталығы бар. Бұдан басқа, «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубының 15 бөлімшесі жұмыс істейді, онда аз қамтылған отбасылардан шыққан 1-4-сыныпта оқитын 3661 бала қосымша білім алды. Осал санаттағы 230 педагог (зейнеткерлер, мүгедектігі бар адамдар, көпбалалы аналар) жобаны іске асыру үшін тұрақты негізде жұмысқа орналастырылды.

Айқара бетгі әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



ӘЛЕМДІК БАСЫЛЫМДАРДАН

New York Times газеті:

АЛМАТЫ – ҮЗДІК ТУРИСТІК
БАҒЫТ

Almaty, Kazakhstan
Luxe baths, kaleidoscopic cathedrals and hyper-contemporary food

Бұл туралы еліміздің Туризм және спорт министрлігінің баспасөз орталығы хабарлады. ҚР ТСМ вице-министрі Ержан Еркінбаев тұжырымдағандай, «Қазақстан соңғы жылдары әлемдік БАҚ рейтингіне жиі ілігіп келеді және New York Times тізіміне ену туристердің біздің елімізге деген қызығушылығының артып келе жатқанын анық білдіреді».

«Алматы екі миллион халқы бар Қазақстанның ең ірі қаласы бола тұра, бейбіт, бірақ белсенді шаһар әсерін қалдырады. Алматының мәдени орталық ретіндегі мәртебесі оның гастрономиялық өмірінде айқын

Америка Құрама Штаттарының дүние жүзіне танымал «The New York Times» басылымы әр жаңа жылда жаһандық туристік бағыттардың тізімін жариялауды дәстүрге айналдырған. Биыл да газет өз оқырмандары үшін 2024 жылы туристерге сапарға шығып, көруге болатын әлемдегі 52 көрікті орынның тізімін жариялады. Бұл мәртебелі тізімдегі жиырма бесінші орында Алматы қаласы тұр. Жарияланымда Әулие Вознесенск соборының фотосуреті бар.

көрінеді. Ұн, су және етке негізделген «нео-номадтар» асханасы гипер-заманауи стильде ұсынылған; оны АУУЛ немесе ТÖR ресторандарында көре аласыз. Lanzhou Noodle мейрамханасы қытай тағамдарын, ал Sensilyo Coffee немесе JutrinGoat кафелері – керемет кофе ұсынады. Көк базардағы жемістер мен жаңғақтарды тамашалаңыз, содан кейін жақында кеңестік дәуір ғимаратында ашылған үлкен азық-түлік базарында PlatformA-ға барыңыз», – деп жазады шетелдік әріптестеріміз.

Алматы – бұл рейтингке енген өңірдегі жалғыз қала. Бұған дейін 2017 жылы ЭКС-ПО–2017 көрмесі қарсаңында Қазақстан да осы тізімге енгізілген болатын.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»,
(Дереккөз: <https://www.gov.kz>).

САЯХАТ

ҚАЗАҚСТАНҒА
ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ АРТТЫ

Ұлттық статистика бюросының дерегіне сәйкес, 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек аралығында елімізге 834,9 мың шетелдік турист саяхаттаған. Бұл 2022 жылғы көрсеткішке қарағанда 225 мың адамға көп. Яғни бір жылдай уақыт ішінде туристер саны 37%-ға артқан. 2022 жылы елімізге 609,8 мың шетелдік келген.



Досбол
АТАЖАН

Статистикалық мәліметтер бойынша, елімізге саяхаттайтын шетелдік туристердің географиясы жыл санап артып келеді. Мәселен, Қазақстанға жақын көршілерімізден бөлек, мұхиттың арғы бетіндегі мемлекеттердің де саяхатшылары көптеп келе бастады. Осы орайда, назарларыңызға 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек аралығында елімізге саяхаттаған ТОП-5 елдің туристер санын ұсынамыз.

2023 жылдың алғашқы 9 айында еліміз бойынша ең көп саяхатшы Ресей Федерациясынан келген. Былтырғы қаңтар-қыркүйек аралығында Қазақстанға 356 850 мың ресейлік саяхаттаған. Екінші орынды Қытай туристері иеленді. Шығыстағы көршімізден елімізге 75 131 адамның табаны тиген. Қазақстан мен Қытай арасында 30 күндік виза-сы режим орнағаннан кейін 1,5 миллиард

халық тұратын бұл елден туристер саны өсуі әбден мүмкін. Ал үшінші сатыға бауырлас Түркиядан келген туристер тұрақтады. Анадолия елінен 41 134 саяхатшы келген. Сондай-ақ, үздік бестіктің қатарына Үндістан (34 757) және АҚШ (28 160) саяхатшылары да енді.

«Жыл сайын шетелдік туристердің Қазақстанға деген қызығушылығы арта бастағанын байқап отырмыз. Мәселен, 2022 жылы елімізге 900 мыңнан аса шетелдік саяхатшы, ал өткен жылдың 9 айында 800 мыңнан аса шетелдік қонақ келген. Быыл бұл көрсеткіш бұдан да көбіне түседі деген сенімдеміз. Өйткені, елімізде шетелдіктерді таңқалдыратын, сұлулығымен өзіне тартамын, көрсө көз тойтын көрікті жерлер, табиғат сый етіп берген сұлу мекендер аз емес. Сонымен қатар, министрлік байтақ жерімізге табаны тиген әрбір саяхатшыға ұмытылмас әсер қалдыру үшін жұмыс істеп жатыр», – деп атап өтті Туризм және спорт министрінің орынбасары Ержан Еркінбаев.

ЖЫЛДЫҢ МӘДЕНИ ОҚИҒАЛАРЫ

ӘН МЕН КҮЙДІҢ МЕКЕНІ

2023 жылы Алматыда 334 ауқымды концерт өтіп, оларға 1,6 миллионнан астам адам келген



Алматы – мәдени ошақтың ортасы. Ешбір мерекені елеусіз қалдырмайтын қалада түрлі концерттік бағдарламалар мен мәдени кештер жиі ұйымдастырылады. Бұл ретте рухани байлығымызды дамытып, дәстүрлердің дамуы мен сақталуына мәдениет саласы қызметкерлерінің қосатын үлесі зор.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мәселен, өткен жылы Алматыда 334 ауқымды концерт өтіп, оларға 1,6 миллионнан астам адам келген. Қала алаңдарында, стадиондарда және аренадарда Қазақстанның белгілі артистері ғана емес, әлемдік деңгейдегі жұлдыздар да өнер көрсетті. Олардың арасында 50 Cent, Akon, Lara Fabian, Ne-Yo, Таркан, Outlandish, Arash және басқа да көптеген әнші бар.

Айтпақшы, өткізілген іс-шаралардың 86%-ын коммерциялық және жеке компаниялар ұйымдастырған.

– Шынында да, 2023 жыл мәдени іс-шараларға толы болды, қаламызда көптеген танымал артист келді. Егер қорытындыласақ, Алматыда шетелдік әншілердің 47 концерт және отандық артистер 287 концерт қойған. Бұған қоса, ауқымды іс-шаралар, соның ішінде халықаралық фестивалдар өткіздік. Тұжырымдамалық тұрғыдан қарастырсақ, онда біздің әрбір іс-шарамыз жеке брендке айналып, өз көрермендерін тартады. Қала әкімі мәдени астанамыз тұрғындар мен қонақтарды қызықты жобалармен қуанытып, оқиғалы туризмді дамытуға жағдай жасау міндетін қойып отыр, – деді Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев.

Айта кетейік, 2023 жылы 19 жылдық үзілістен кейін «Азия дауысы» халықаралық музыкалық фестивалі өтті. Іс-шара аясында отандық орындаушылар да, әлемдік деңгейдегі шетелдік артистер де үш күн бойы өнер көрсетті. Фестивальдің хедлайнері әйгілі американдық The Black Eyed Peas тобы болды. Сонымен қатар, былтыр The Spirit of Tengri заманауи этникалық музыка фестивалі, сонымен бірге, «Наурыз фест», «Алматы, люблю тебя», «Туған күнімнен, Алма-

ты», «Сағындым, Алматымды» және «Зимний Новогодний фестиваль» өтті. Барлық фестиваль мегаполис тұрғындары мен қонақтарының көңілінен шықты.

– Мегалополисте ауқымды іс-шараларды өткізу оң экономикалық әсер етеді. Бұл жаңа уақытша жұмыс орындарын құру, көптеген турист тарту, оқиғалы туризмді, қонақүй бизнесін, мейрамханалар мен жергілікті бизнесті дамыту. Ең бастысы, жас артистерге белгілі жұлдыздармен бір сахнада өнер көрсету мүмкіндігі, бұл олардың аудиториясын кеңейтуге, өнерін ұштауға септігін тиісіндей. Біз барлық артистер мен іс-шараларды ұйымдастырушыларға 2023 жылы бірлесіп жұмыс істегендері үшін алғыс айтамыз және көрермендер үшін 2024 жылға арналған мәдени мазмұнды бағдарлама дайындап жатырмыз, – деді Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев.

Бұған қоса, өткен жылы Мәдениет басқармасы Open air форматында іс-шаралар – фестивальдар, көрмелер мен концерттер ұйымдастырды. Бұл тек орталық алаңдарды ғана емес, сонымен қатар әр ауданды да қамтыды. Осылайша қала тұрғындары үшін концерттерге тегін бару мүмкіндігі қосымша жасалды.



ЗИЯЛЫНЫҢ СӨЗІ



М.Әуезов мұражай үйінде «Р.Бердібай атындағы халық университетінің» кезекті дәрісі өтті. Оған Қазақстанның халық әртісі Тұңғышбай Жаманқұлов қатысты. Модератор – фольклортанушы ғалым Кенжехан Ісләмжанұлы. Орайлы сәтті пайдаланып, тушымды ой-пікірлер мен әртүрлі естеліктерді хатқа түсіруді жөн көрдік.

дың үйіне түсетін. Ол уақытта бүгінгідей мейманхана жоқ. Жиналып әңгіме-дүкен құрамыз. Көбіне-көп Бикен апам, Атайбек ағаларымыз қасына алып алатын. Себебі, домбырамен ән айтамын. Сосын сөз тыңдаймын. Сонда бата кылыңыз, сөз сөйленіз дегенде кейбір аңғал, адал, қарапайым ағаларымның «октябрьдің арқасында» деп бата бергенде шошып кеттім. Кеңес идеологиясы өзгеше ойлауға мүмкіндік бермеген ғой. Шалдың баласы едім. Атам Жаманқұл шежірелі кісі болатын. Өзі әзілқой-тұғын. Тұңғыш немересі болғандықтан әкем мен шешем бермей алып алған. Әжемсіз Баршагүл ертегіші, атам шежірешіл, мақалшыл болды. Атамың баласы болғаннан кейін біршама бата дегенді білемін. Әлгіні естіп қиналдым. Ол кезде кеңестің шым-шытырығына шырмалып

дегенмен жүрдік. Бір күні қызық болды. Сонда Әнуар Боранбаев деген досым «Еңлік-Кебек» қойылымында «уа, би қайда кеткен» деген сауалға «бүгін немесе ертең келіп қалар» дейтін жауап қатуы қажет болатын. Алайда, «Бүгін или ертең келіп қалар» деп жіберді. Қараменді «ауыздан шыққан сөздің жел есігінде болған заман» дейтін сөзі бар. Ауыздан шыққан әр сөзге абай болған-ды, ол сөздің мән-мақсаты не, жеткізетін ойы не дегенге үнілген жөн. Әдебиетші Зейнолла Қабдоловтың Қарамендінің сөздерін талдағанын, әйгілі Станиславскийді қайталап оқыдым. Қалай болғанда да, қазақ театры сөздің мәйегіне мән береді. Қазақтың сөзі шұрайлы, құлаққа жағымды, мөлдiреп тұрмаса, мәнді болмайды. Солай алғаш рөлдерге кірістік.

Тұңғышбай ЖАМАНҚҰЛОВ:

ІЗДЕГЕН СҰРАҚТАРЫМА ЖАУАПТЫ ҒЫЛЫМНАН ТАПТЫМ

Театр – мәдениет пен өнер ордасы

Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің музей-үйіне, құтты мекенге, қарашаңыраққа имене басатындардың бірімін. Өзім жас актер кезінде осында талай келдім. Мұқаң отырған үйді біраз аралағанбыз. Жалпы, бұл жер құттыхана мешіт іспетті. Уақыт өте келе менің де табаным тиіп, қоңақ ретінде келгенім толқыныс тудырды.

Бұл жерде жақсы ойлар айтылады. Шер тарқатылады. Еліміздің ертеңіне күмән болмаса, «ойпырмай не болады?» деген бір алаңдаушылықтар да байқалып қалады. Мен өзім осындай ойды кешемін. Өйткені, мұны әдемі сөз үшін айтып отырған жоқпын. Талай қымбатымызды арзандатып, арзанды қымбат қылып жіберген кездеріміз де хақ. Сол жағы өнер адамы ретінде жанымды жегідей жейді. «Қайтеміз, не істейміз?» деген сұрақтар мазалайды. Мен әлгі орыстардың «осы рөлді ойнадым» дегенін қабылдамаймын. Қазақтың ойнады деген сөзі өте жеңіл сөз. Баланың ойыны, әзіл-сықақ, жеңге мен қайынның қалжыңдасып ойнағаны сияқты естіледі. Тым тәрбиелі, сынық мінезді болғандықтан көбіне-көп маңызды сұрақтардың жауабын таба алмай жүргендіміз қазақтың мінезінде сияқты. Бәріне көнеміз, «бір мәнісі болар» деген ауыр мақалдар бар. Сондай-ақ, «бастан келсе өлдік, арттан келсе көндік» дейді. Абай хақим де «қазақтың мақал-мәтелдерінің іске алғысы да, іске алғысызы да бар» депті ғой. Оның бәрін бекер айтып отырған жоқ. Бастан өткен соң айтқан болар. Сөзқұмар қазақпыз ғой. Тағы да сол данышпан Абайдың тілімен айтқанда, «өзімізден сөзіміз ұзын». Кез келген ойды, пәлсапалық пошымды кестелеп өнерлеп айтып, мақал, өлең қылып жібереміз. Қазақтың арғы-бергі замандарының бәрінде асықпайтын халықпыз ғой. Бір мәнісі болар деп жүреміз. Бірақ көп нәрседен құр қалып, айырылдык. Біраз дүниені көмескілендіріп алдық. Соның бәрін біз, өнерде жүрген адамдар уайымдаймыз. Үйтіп-бүйтейік деп ат тон салып, атой салмаспыз. Өнерімізбенен жеткізуге тырысамыз. Кейде бір атым насыбайға өкпелеп қалатын қазақ, «өй, итің әртіс кой» деп алтыншы сұрыпқа итеріп тастай салады.

Кезінде мақала жазуды бастадым. Онда да қазақтың арғы-бергі тарихын емес, өнер жайлы, өнердің теориялары туралы ойлан-дым. «Сахнада неге әңдетіп сөйлейміз, неге айғайлап кетеміз, неге тек сақал-мұртты жапсырып алып, сырға таға салып көсем-симіз? Неге орыс режиссурасының жолымен жүреміз? Қазақи жолды таба алмаймыз ба?» дейтін ойлар есім кіре бастаған шақтан бастау алды. Сөйтіп, «Қазақ әдебиеті» сынды газеттерге жаздым. Өзім құрбылас ақын-жазушылар, журналистер маған «мынау кітап оқитын әртіс екен» деп айтатын болды. Көптеген ақсақалдарың қасына отырдым, қолына су құйдым, сөзін тыңдадым, ағаладым дегендей. Пайғамбар жасына толысқан актерлердің уақыттары біткенде кара жердің қойнына бердім, топтырақ салып жүгіріп



Суретті түсірген Самат Қ. САЙЫНОВ.

жүрдім. Көбі қарапайым, қарабайырлау ғой. Көбіне-көп жүректің жолымен, сөздің қадірімен ғана өнерпаз болғандарын білемін. Бұл ауыр сөз емес. Өз диссертациямды «Қазақтың шешендік сөзінің актердің ойына ықпалы» деп қорғадым. Оны маған тіліме тиік қылған театртанушы ағамыз Бағыбек Құндақбаев еді. Ол кісі «сен Мырқымбай бала, ойланады екенсің ғой!» деді. Мен «ойбай аға, қалай ойланбаймыз, ойланамыз» деймін. Бағыбек аға «жазып ойланады екенсің ғой, диссертация жазсаңшы» десе, «қойыңызшы» деп қоямын. Ол кезде жептәуір жолым болып «халық әртісі», «Мемлекеттік сыйлықты» алған едім. М.Әуезов театры директорынан түскен кезім болатын. Мені сол кездері Академияға кіші «ғылыми қызметкер» етіп алып алды. Ғалымдар бөлек өлшемдегі адамдар екенін байқадым. Сөз байламдары өзгеше. Менің ахаулап жүрген өмірімнен бөлек адамдармен кездесіп, тыңдап, ғылымға кірісіп кеттім. Кіріскеннен кейін шынында да құдыққа түстім. Білмейтінім көп екен, әншейін бойыма сеніп сол әдемі хандардың костюмдерін киіп, бетті әрлеп, сақалды жапсырып, шошан-шошан етіп жүргенге маз екенбіз. Өз-өзіме қапа болдым. Осылайша іздеген сұрақтарыма жауапты ғылымнан таптым.

Өнерпазды күтуші еді

Бір кездері өнер адамдарының қадірін халық арасында кетірудің халін көзіміз көрді. Жұрт таниды, көрермен біледі, кинода түскені, театрдағысы, аты-жөні бар. Кімсің, «халық әртісі», «еңбек сіңірген әртісі» ой бәленшеке-түгеншеке дейді. О кездерде теледидардан соншама насихаттамаса да халық өнерді өте жақсы көретін. Өнерпаздарды жұрт ерекше сыйлайтын. Иссапарларда үлкен актерлар директорың, орта жастағылар парткомның, жастар комсомол-

қалған ғой деген ой болған жоқ. Мұның бәрі, кейін-кейін ойға келді. Жасыратыны жоқ, біз де бір кездері Компартияға сендік. Ол уақытта партияға жазсаң, сол қапалығыңды жөндеп беретін. Қазір өлдім десең де ешкім кара су татырмайды. «Ара» журналына бір сыни мақала шықса бітті революция болатын. Компартияның идеология жағынан мықтылығы сол еді. Содан мақала жазу жалғасты.

Актерлікті аудармадан бастадық

Алғаш сахнаны қамшы апарып беруден бастадым. Өн айтатынымды білген соң, әу дейтін рөл бере бастады. 1970 жылы М.Әуезов театрына актер ретінде кіргенім жоқ. Орысшаға аударатын ілеспе аудармаға кірдім. Әкем теміржолшы. Теміржолда орыстар да істейді. Көршілерім орыстардың қыздары болатын. Олармен жақсы доспын. Бірде ілеспе аудармашы ауырып қалыпты. Режиссер Әзірбайжан Мәмбетов айғайлап тұр екен. Орысша білетіндігімді Хадисша Бөкеева апамыз білді, сөйтіп аудармашылыққа қосты. Орысша айтып отырып, актерлердің сомдаған рөлін қарап отырамын. Орысша-қазақша мәтіндерді өзімше салыстырамын. Сонда орыстың сөзі дәлме-дәл айтылса, қазақтың сөзі кең мағынада, жайылып айтылады екен. Соны байқадым. Дәлізден сорапып жүрген соң, режиссерлер де көре бастады. О кезде мойным ырғайдай, бетім торғайдай. Шашым бар еді. Алғашқы ресми ұстазым – Асқар Бөкеева ғой. Ал ресми емес ұстазым – Асқар Токпанов. Талай жерде «өнерге қорқа-қорқа келдім» деп айтамын. Отбасында 11 баланың үлкенімін, ішімнен әкеме, бауырларыма көмектесуім керек деп қоямын.

Уағында Радж Кафурдың өнеріне таңдандық. Кейін өнге, домбыраға құмар болдық. Барып кел, алып кел, кісілерді қарсы ал

Әдептен озу – өнерпаздық емес

Қазіргі көрермен ақымақ емес. Жаттанды сөзбен жұртты алдай алмайсыз. Театр сыншысы Бағыбек Құндақбаев сын айту үшін мазмұнын біліп тұрса да драматургияны қайта оқып келетін. Сол жағынан келгенде қазақтың тілі театрда, драматургияда кедір-бұдыр. Мұны мойындауымыз керек. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев айтқандай, «бұл дерттің беті күшті». Тек қимыл-қозғалысқа, биге ойысып кеттік. Қазір эстрада әншілерінің қимылдағанын көресіз бе, әлде әнін тыңдайсыз ба? Бұл жағы бұлшығыр. Неге бұлшай шолжаңдай береді деген ойлар мазалайды. Ол әннің де астары, ойы бар ғой. Кезінде шамама қарамай ән айтқанмын. Сонда бір журналист қыз осы төңіректе сұрақ қойды. Өн деген тек махаббат үшін ғана керек емес. Өн деген – шер! Қазақтың «Елім-ай» әні тұнған тарих. Өндер де әртүрлі мағына береді.

Бір жолы Есенжол Домбаев ағамыз театрға келіп «Әй әртістер! Шошаңдай бермей, менің сөзімді айтыңдаршы» деді. Біздер «аға, сөзге жан бітіріп жатырмыз ғой» дейміз, оған қарамайтын. Драматургия әдебиеттің жанры. Ал спектакль басқа жанр. Пьесаның негізінде басқаша көркем дүние келеді өмірге! Екеуі бір-бірін толықтырып тұруы тиіс.

Уағында «Қарагөз» қойылымында Сырымның рөлін сомдадым. Өбден сынга тап болдым. Режиссер Әзірбайжан Мәмбетов. Бірде домбыра тартып, ән айтатын актер табылмай қалды. Әнуар Боранбаев даусы да, өзі де әдемі жігіт қой. Ол ән айта алмайды. Амал жоқ маған берді ғой. Ой, қырғын басталды. Ал Қарагөз іздейміз, табылмайды. Ғайникамал Байқошқарова, Жұмагүл Мейрамова, Гүлнар Ерәлиева, біразын байқап көрді. Бір күні Өзекең ештеңеге қарамай Фарид Шарипованы Қарагөз рөліне бекітті. Ол кезде ол кісінің 50 жастан асқан кезі еді. Апамыздың сахнадағы аурасы, серіктесіне әсер етуі ғаламат. Мен болсам Сырымды күрескер етіп сомдауға тырыстым. Сөйтсек, Оралхан «даусы қарлыққан, мұрны қоңқайған мұндай Сырымды қайдан көрдің өзі» деп мақала жазыпты. Спектальден соң үйіне іздеп бардым. Сүйген қызыңды біреу тартып әкетіп жатқанда, қарлыққан дауысқа емес, жанға қарау керектігін айттым. Мен «Фарида апам үлкен ғой, соны неге жазбайсыз» дедім. Сонда «ол менің апам, найман ғой» деп күлді. Осындайда қызықты жағдайлар болған. Қазір «Қарагөз» спектаклін басқа жанр, басқа формамен қояды. Қарағандыдағы «Қарагөз» спектаклі көңіл көншітпейді. Мәскеуді бітіріп келген 30-дан асқан қыз режиссер қерегенің жанында анайы-ұятсыз көрініс қойыпты. Өр қойылым қазақтың әдет-ғұрпына, менталитетіне лайық болуы тиіс. Ондай дарақыл сахнадан көрінбесе екен. Театр – мәдениет пен өнер ордасы. Осыны ескеру керек! Қай күні сын да, мін де түзеледі. Сол кезде әдептілік көрініс береді. Өнер арзандамаса екен...

Дайындаған Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



АЛМАТЫНЫ БАСҚАРҒАНДАР

САҒЫНТАЕВТАН ҚАЛҒАН СӨЗ

Бір нәрсе анық: Ел басқарған адамның артында міндетті түрде сөз қалады. Оның жақсы атына да, жаман атына да баға беретін халық. Халық – сүзгі. Бұған дейін аса жоғары лауазымды қызметтер тізгінін ұстаған, Алматыны басқаруға келген Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаев қалалықтар есінде несімен қалды? Енді осы төңіректі бірнеше лепесімзді тарқатып айтайық.

Мемлекеттік қызметтің майын ішкен басшының алғашқы қадамын ең алдымен ел ішіне тәртіп орнатудан бастайтыны бесенден белгілі. Тәртіп бар жерде тазалық бар, мәдениет бар. Кез келген саладағы дағдарыстың басты себебі осы тәртіп, талаптың дұрыс жолға қойылмауынан бастау алып жатады. Бақытжан Әбдірұлы да Алматыға келе саласымен ең алдымен тәртіп мәселесін қолға алды да, Түркістан ауданына тартты. Полицияның қызметін қатты сынға алды. Жаға ұстататын жағдайларды өз көзімен көрді. Полиция өкілі бұған дейін қордаланып қалған мәселелердің көп жылдардан бері өзекті болып келе жатқанын айтты.

– Көп жылдардан бері ме? Сіз көптен бері істейсіз бе? Онда сіздер түк шешпейсіздер. Осыған үйреніп кеткенсіздер, – деп әкім мәселені қабырғасынан қойды. Айтқандайын, Бөкең шаһарда алдымен әлеуметтік әділетсіздіктерді, теңсіздіктерді қалпына келтіруге баса көңіл бөлді. «Шетсіз қала» бағдарламасы сол тірліктің хабаршысы болды. Мақсат – қаланың ортасы мен шетінде орналасқан тұрғындарға көрсетілетін қызметтің өз деңгейінде болуы. Мәселен, тұрғындарға сол тұрған жерінде әлеуметтік жағдайына, рухани сұранысына талапқа сай жауап берілуі керек. Бұл мәселе өз кезегінен біртіндеп шешімін таба бастады. Әрине, адамдардың әлеуметтік, тұрмыстық жағдайына алғашқы кезекте көңіл бөлу – кезек күттірмес міндет. Қалалық мәслихаттың депутаты ретінде бұл бағыттағы шүкіршілік ететін жұмыстардың басы-қасында болғандықтан оны баяндап жатуға уақыт кетпеймін. Әлгінде мақаланың басында айтылған тәртіп, мәдениет мәселесіне назар аударғанды жөн көрдім. Ең бастысы, шаһардың рухани болмыс-бітіміне өзгерістер енді.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Рас, бұған дейін Иманғали Нұрғалиұлының тұсында қала руханиятына айрықша көңіл бөлініп, рухани серпіліс басталған еді. Сол соқпақты алға жалғап, нақты істерімен серпін берген бірден-бір әкім осы – Сағынтаев болды.

Алматыда белгілі тұлғалар атында мұражай бар. Олардың бәрі мемлекет меншігінде. Солардың ғана емес, жалпы ұлт ұстазы, ұлы реформатор, Алаштың ары мен бары Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мұражай жекенің қолында болып, тозып бара жатқанын «Алматы ақшамында» әлденеше рет жазғанбыз. Тіпті, белгілі адамдардың атынан үкіметке хат та жөнелтілген. Иманғали Нұрғалиұлының тұсында сен қозғалып, өзі кеткен соң кешеуілдей берген. Қысқасы, бұл мәселе 30 жылға жуық айтылып келген. Оған Сағынтаевтың келуімен нүкте қойылып, мемлекет меншігіне өтті. Осы рәсімде сөйлеген сөзінде ол: «Өз халқына өлшеусіз қызмет еткен тұлғаларға мерейтойын күтіп отырмай, үздіксіз құрмет көрсетіліп отыруы қажет. Бұл мұражай да тарихи маңызын сақтай отырып, қазіргі заманауи талаптарға сай жаңа жобалармен жасакталып, елге қызмет етуі керек» деді. Айтылды. Орындалды. Мұражай аумағы түгел абаттандырылып, қасындағы саябаққа Аханның ескерткіші қойылды.

Димекеннің кезінде жазушылармен жүз-

десіп тұрудың жиі болғанын аңыздай еститінбіз. М.Өуезов, Ф.Мүсірепов, С.Мұқановтар ол кісімен тіке телефонна шығып сөйлесе беретін болған екен. Демек, жазушыға есік қай кезде де ашық болды деген сөз. Бұл үрдіс ұлт үшін қызмет етті. Қаламгерлер қоғамның жүрек қағысындай ғой. Жазушыға қарап қоғамдағы өзгерістер де сүзгіден өтіп отырған. Қазіргі Мемлекет басшысы болса да жазушының баласы. Бұл кісі де алғашқы қадамының бірін Жазушылар одағына қамқорлықтан бастаған. Осы үрдіс әкім тарапынан да қолдау тапты.

Қалабасы да шаһарға келе салысымен ұлттық құндылықтарға, қасиетті қара шаңырақ Жазушылар одағына ат басын бұрды. Сол кездесудің жуан ортасында осы пақырыңыз да отырған.

Бұл кісінің әкесі Әбдір ел басқарған, халыққа сыйлы болған. Әлгі «әулиелерді» жастанып оқыған (ол кездегі басшылар әдебиетті жақсы білетін). Тегінде бар тегін болсын ба, сол тәрбие оны Жазушылар одағына алып келді. Бәрінен де сондағы Сағынтаевтың сөзі сұңғыла, сұрапыл шықты. Былай деді-ау:

«Мен осы жерге, сіздердің алдарыңызға келгенше, қасиетті шаңырақтың босағасын аттағаннан айрықша толқу сезімін бастан кештім. Ұлылардың табанының ізі қалған киелі жер ғой. Әкем қаламгерлерді қатты

қадірлеуші еді. Бала күннен көңілімізде қалып қойған сурет. Сіздердің жер жарған аттарыңыз бар, сол аттарыңызға сай өмір сүру мүмкіндіктеріңіз де жоғары болуы керек».

Қаламгердің қоғамдағы орнына бұдан артық баға қоймас. Қаламгерлерге деген құрметке елге деген құрмет өлшеммен қаратып айтылған сөз. Әкім сөзінде тұрды. 1958 жылдан бері жөндеу көрмеген шаңыраққа қыруар қаржы бөліріп, жаңартып берді. Алматыда тұратын 400-ге жуық Жазушылар одағының әр мүшесіне 500 мың теңгеден грант бөлірді. Бұл марапат жыл сайын үздіксіз жалғасып келеді. Бұл сый қаламгерлер тарапынан «Сағынтаевтың соғым» деген бейнелі сөзге айналып, тасқа жазылып қалды. Мұның сыртындағы басқа да қолдау шаралары бір төбе.

Ең бастысы, тәжтажал басталғалы жаралы жолбарыстай хал кешкен Жазушылар одағы мен оның мүшелері ине-жіптен шыққандай шырайы кіріп қалды.

Шын рухани бүтін кісіге қасаң қағидаларға құрылып, қатып қалған нұсқаулардың қатысы бола бермейді. Мұндай шаблондарды ондай басшы кез келген жағдайда бұза алады. Осы шектеу, шеңберлерден шыға алған басшы рухани тұлға айналады. Осы ділгір қасиет өз тегінен тамыр тартатын Бақытжан Әбдірұлы сондай тұлға екенін Алматыны басқарған аз уақыттың ішінде дәлелдеді. Әрине, біреуге жағымпазданатын жағдайымыз жоқ, дейтұрғанмен де көргенді, сезінгенді айту парыз. Бір мысал келтірейін.

Шерхан Мұртаза өмірден озған соң, көп ұзамай ол кісі тұрған үйге ескерткіш-тақта орнатылды. Сонда былай деді-ау.

– Бізде көп дүние қағазға байланысты шешіледі. Қағазға әлденені жазамыз да, сол сияқты артындағы азаматтың кім екенін ұмытып кетеміз. Біз бәрін таразыға салып қоямыз. Өкінішті-ақ. Осының бәрін жасап жүрген өзіміз. Ал Шерағамыздың дүниеден өткеніне жыл толып жатқан кезде, қағазға қарап қаламыз ба? Осылай қағаздың бәрін ысырып тастап шешім қабылдадық. Мұндай шешім бір жылдан кейін емес, бес жылдан кейін емес, марқұм болған күннің ертеңіне қабылдануы керек. Өйткені, бұл азамат – елдің азаматы. Тек «елім» деп қана өтті. Сол себепті, осындай ізгі шаруаның басы-қасында жүргеніме қуаныштымын.

Сағынтаевтың соңында қалған сұңғыла, сұрапыл сөздің бірсыпырасы осы. Оның бәрін тәптіштеп жазуға шағын мақаланың көлемі көтере қоймайды. Осының өзінен-ақ рухани биік басшы ең алдымен елдің бақыты деп батыл тұжырым жасауға болады ғой.

Қайда жүрсен де бар бол, нар бол, Бақытжан Әбдірұлы!

Қ.ҚОШҚАРУЛЫ.

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІ

БАУЫРМАЛ БОЛСАҚ, ӘЛЕМ НҰРЛАНА ТҮСЕДІ

Осы күні адамдар арасындағы бауырмалдықты сақтау өте өзекті. Бұл – жаһандандың жұтылуынан сақтайтын бірден-бір жол. Сондықтан айдың-күннің аманьында өзара жылулықты сақтай алсақ, нұр үстіне нұр. Өйткені, дүниені ұстап тұрған осы қасиет.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Шығармашылық адамы
бәрін байқайды

Капиталистік қоғамда өмір сүріп келеміз. Бәріне үлгеру шарт. Жай жүруге болмайды. Уақытты құр жіберсеңіз, біраз нәпақадан қағыласыз. Сол себепті, әр істі ақылмен істеп, аяқты аңдап басқан абзал. Бұл – бүгінгінің талабы. Осыған ілескендер жақсы ғұмыр сүріп, оң-солын түгендейді.

Қоғамның тірлігінен қол үзе алмайды екенсіз. Өткен жолы заңгермен тілдестім. Біраз нәрсені айтып, өзара пікір алмастық. Бұрын ойлаушы едім, заңгерлер қауымы нағыз қатып қалған қағидаға жұмыс істейді деп. Алайда, олай емес сияқты. Жасы үлкен апай болса да, өз-өзін күткен, салиқалы жан екен. Өңгіме – отбасы тақырыбы. Адамдардың робот сынды қатайып, ешқандай эмоцияға алдырмайтындығын айттық. Әсіресе, қыздан қылық, ұят кетіп бара жатқандығын айта жөнелді. Өзінің ұлдары үйленейін десе, дені дұрыс қызға жолыға алмай жүрген сыңайлы. Онысы сөзінің ыңғайынан байқалды. Өйтпесе, жағдайы тәп-тәуір. Өз-өзін күтіп баптауды, тың. Демек, өздерінің жанұясына жарасымды жан іздеп жүрген болар.

Бірде қоғамдық көлікте келеміз. Алматының автобустары әрдайым лық толы. Аяғыңды қоятын жер тапсаңыз, мез бола-сыз. Қаланың 15-16 жастағы жастары құлағына құлаққап тағып, көзін жұмып, терезеге қисайып отыра береді. Бөліп-жарғанымыз емес. Көбіне елдімекеннен келгендер орын береді. Кейбір үлкен кісілер де орын бергенде лебіз білдірмейді. Міндет сияқты қарайды. Шапалақ бір алақаннан шықпайды,



осыны ескерейік. Әйтеуір оқта-текте орын үшін талас-тартыс туындап жатады. Бірақ арты тыныш болсын дейміз де.

Көшеде кетіп бара жатсаң жол сұрайтындар кезігеді. Кейде ондай жағдайды түсінбей далмыз. Аяқ-қолы балғадай адамдар қайыр сұрайды. Осындайлардан соң тағы сондай тіленші ме деп қаласыз. Бір байқағанымыз, жауап беруге қиналатындар табылады. Ондайлар сізді көзге де ілмейді. Құлды зомби сияқты тік, өте шығады. Түсі суықтардан қалай түңілмейсіз? Бірақ жақсы адамдар бар. Баяғыда ақын Аманхан Әлім ағамыз «Олжас, дүниені жақсы адамдар ұстап тұр» дейтін. Сол бір сөздің қуаты күшейіп, бүгінде қадірі артып барады.

Біз шығармашылық адамымыз. Көңіл шіркін, елпілдеп тұрады. Ренжу де тез, жадырап сала беру де жылдам.

Қазақ неткен дана халық. Әрбір сөзінде мән бар. Әр әрпінде мағына жатыр. Ғасырлар бойы жиналған пәлсапа, қазіргі таңда да өзектілігін жойған жоқ. Арасында болмашыға бұлқан-талқан болсақ, ұлағатты сөздерді ойға аламыз. Содан соң бойың жіпсіп сала береді. Сабырлы болғанға не жетсін!

Еліктейміз ғой...

Біз шетелге еліктейміз. Дәп сондай болса дейміз. Батыстың жолымен жүргіміз келеді. Осы орайда бір нәрсені шеге-

леп өтейік. Бір жолы қоғам қайраткері Асылы Осман апамызбен тілдестік. Сонда апамыз: «тәрбие – ұлттық, білім – әлемдік болуы керек» деді. Әңгімелесіп отырып, осы сөзді жадымызға тоқып, зердеге түйдік. Осындай зерделі сөздер бойтұмар болады.

Қазір интернеттің пайдасы мен зиянын теңдей көріп келеміз. Батысқа еліктеуден сақтанған жөн. Иә, жақсы тұрмысын, керемет технологиясын алайық, нгерейік. Ал жалпы адамзаттық құндылыққа жат қылықтарынан жиренейік. Өйтпесе, батыстың цивилизациясына түсеміз деп, канализациясына түсіп кетіп жүрмейік. Біз қашан адам болсақ, сол күні бағымыз жанады.

Осы күнгі қазақтар еліктеуге жүдә құмармыз. Бәріміз бай тұрғымыз келеді. Ара-арасында араб болып кетеміз. Қалыңмалды аз көріп, қалыңдық мөһрге таудай дүние сұрайды. Оған күйсе жігіттің шамасы келе ме, жоқ па, ол жағы маңызды емес. Осының баршасы еліктеуден туындайды. Үлкендер «қанағат қарын тойдырар, қанағатсыз жалғыз атын сойдырар» дейтін. Түсінген адамға осының өз жетіп жатыр.

Өзіміз де, 25 жастан әрі астық. Ата-әже тәрбиелегеннен кейін бе, өмір туралы өміршен оялар жадьмыздан шықпайды. Ұлттық руханиятқа тартып тұрамыз. Жас буынның смартфонға бейім екендігі таңқалдырмайды. Алайда, бойларында қазақлық аздау сияқты. Бәріне топырақ шашпаймыз. Мектеп бітіріп, шетелге кетіп, сонда қалғанды тәуір көретіндердің шоғыры шықты. Өзінің ата-тегі маңызды еместер қаптап барады. Әке-шешесінің әлеуметтік жағдайы алаңдатпайтындарға не дерсіз. Кейін осындайлар үлкендеріне қарайласпайтын да шығар. Осыған бір тоқтау болу керек. Өйтпесе, қазақтың ұрпағы рухани жұтандыққа ұшырайтын түрі бар. Ондайдың бетін аулақ қылсын. Қазақ өзінің әр баласына сынап қараған. Негізі ар-ұят, әдеп деген жақсы қасиет. Біз робот емеспіз, адамбыз. Осыны ұмытпайық!

Негізі еліткенге еріп кете беруге әсте болмас. Әсіресе, нәзік жандылар үстін-үстіне болса деп тұрады. Ата-әже-лерімізді ынсап болушы еді. Бізде қадірлі қасиет азайғандай. Соны ескеріп осы ояларды хатқа түсіріп қоюды жөн көрдік. Бәлкім, қоғамдық санада сілкініс болып, бәрі өз орнына келерде осындай оқшау ояларды іздер. Барлығы уақыттың еншісінде. Не болса да, жақсылық болсын. Негұрлым бір-бірімізге бауырмал болсақ, соғұрлым әлем нұрлана түседі. Бұл дүниедегі тыныштық пен мейірімді ұстап тұруға атсалысатын – біз бен сіз ағайын!



МАМАН КЕҢЕСІ

АРИТМИЯ

жүрек ырғағының бұзылыстары жайлы не білеміз?

Жүрек ырғағының бұзылуы медицинада «аритмия» деп аталады. Аритмия немесе тұрақсыз жүрек соғысы – бұл жүрек соғу жиілігінің немесе ырғағының дұрыс болмауы. Жүрегіңіз тым тез, тым баяу немесе ырғағы дұрыс болмай соғуы мүмкін.

Дене белсенділігі кезінде жүрек соғу жиілігінің жылдамдауы және демалу немесе ұйықтау кезінде баяулауы қалыпты жағдай. Сондай-ақ, кейде жүрегіңіздің күштірек соғуы да қалыпты жағдай. Бірақ жиі тұрақсыз ырғақ сіздің жүрегіңіз дененіңізге жеткілікті қан айдамайтынын білдіруі мүмкін. Сізде бас айналу, естен тану немесе басқа белгілер болуы ықтимал.

Кейде аритмия айқын белгілерді тудырмауы мүмкін. Адам баяу немесе тұрақты емес жүрек соғысы сияқты белгілерді немесе жүрек соғуларының арасындағы үзілістерді байқай алады. Сіз сондай-ақ, жүрегіңіздің соғуын, лүпілдеп, соғып жатқанын немесе тым қатты немесе тым жылдам соғып кеткенін сезінуіңіз мүмкін. Бұл жүрек соғуы деп аталады. Аритмияны дәрі-дәрмекпен немесе дұрыс емес ырғақты бақылау процедураларымен емдеуге болады.

АРИТМИЯНЫҢ БАСҚА ДА БЕЛГІЛЕРІ:

- Мазасыздық;
- Кеудедегі ауырсыну немесе жайсыздық;
- Шатасу;
- Ұйқы кезінде тыныс алудың қиындауы немесе тыныс алудың қиындауы;
- Бас айналу және естен тану;
- Шаршау немесе әлсіздік.

Емдеу. Жалпы аритмияны емдеуге дәрі-дәрмектер, жүрек соғысын бақылайтын имплантацияланатын жүрек құрылғылары және жүрегіңіздегі электр сигналдарымен байланысты мәселелерді емдеуге арналған басқа процедуралар жатады. Сондай-ақ, аритмияны нашарлататын жағдайлардың

қаупін азайтуға көмектесу үшін салауатты өмір салтын өзгерту қажет болуы мүмкін, мысалы, жоғары қан қысымы және жүрек ауруларының басқа түрлері.


Аритмия қалай емделеді? Баяу, жылдам немесе тұрақты емес жүрек соғысын емдеу үшін сізге бір немесе бірнеше дәрі қажет болуы мүмкін. Кейде дәрі-дәрмектер басқа емдеу әдістерімен бірге қолданылады. Егер сіздің қабылдайтын дәріңіздің мөлшері тым жоғары болса, аритмияны емдеуге арналған дәрі-дәрмектер жүрек ритмін нашарлатуы мүмкін. Симптомдарыңыз нашарласа немесе жиілесе дәрігеріңізбен сөйлескеніңіз абзал.

Баяу жүрек соғысын емдеуге арналған дәріні (мысалы, атропин) шұғыл медициналық қызметтер немесе жедел жәрдем бөлмесінде беруі мүмкін.

Ем-шаралар және құрылғылар. Егер дәрі-дәрмектер аритмияны дұрыс емдемесе, сізге келесі процедуралардың немесе құрылғылардың бірі қажет болуы мүмкін.

Кардиоверсия. Бұл – қалыпты жүрек ырғағын қалпына келтіру үшін сыртқы электр тогының соғуын қолданатын ем-шара.

Жүректің төменгі камераларындағы, қарыншалардағы тұрақты емес жүрек соғуы жүректің тоқтауына қауіп төндіретін кезде немесе өлімнің алдын алу үшін төтенше жағдайда жасалса, кардиоверсия – жоспарлы кардиоверсия шарасын ауруханада немесе басқа да медициналық мекемеде кардиологтар, жүрекке маманданған дәрігерлер жасай алады. Ем-



шара бірнеше минутқа созылғанымен, процедураны бірнеше сағат бұрын келуіңіз керек. Дайындалу үшін науқасқа ауырсынбас үшін көктамыршілік анестезия беріледі және кеудеге және мүмкін арқаңызға электродтар орнатылады. Бұл электродтар кардиоверсия аппаратына бекітіледі. Құрылғы жүрегіңіздің электрлік белсенділігін жазып, жүрегіңізге қажетті электр тогының соғуын жібереді. Дайын болған кезде дәрігер қалыпты ырғақты қалпына келтіру үшін жүрегіңізге бір немесе бірнеше қысқа, төмен энергиялық соққылар жібереді. Жалпы, жансыздандыру арқылы жасалғандықтан соққылардан ешқандай ауырсыну сезілмейді.

Ем-шарадан кейін сізге бірнеше уақыт медициналық мекемеде бола тұру керек. Осы уақыт ішінде сіздің денсаулық сақтау тобыңыз жүрек ырғағыңыз бен қан қысымыңызды мұқият бақылап, асқынуларды бақылайды. Тольқ аянып өз-өзіңізге келген соң үйге қайтуға болады. Қажет болса, өзіңізге сенімді болмасаңыз жаныңызда бір жақын адамыңыздың болғаны жөн. Кардиоверсия жасайтын электродтар қойылған жерде қызару немесе ауырсыну болуы мүмкін.

Сирек болса да кардиоверсияның кейбір қауіптері бар. Ол емдеуді қажет ететін, өмірге қауіп төндіретін аритмияларды тудыруы немесе нашарлатуы мүмкін. Бұл ем-шара қан ұйындыларының пайда болып немесе тұрған орнынан жылжып, жүректен басқа тіндерге немесе мүшелерге өтуіне және инсультке немесе басқа мәселелерге әкелуі мүмкін. Сондықтан кардиоверсияға дейін және одан кейін қан ұюына қарсы препараттарды қабылдау бұл қауіпті азайтады.

Катетерлік абляция – қалыпты емес электр сигналдарының жүрек арқылы өтуін және жүрек соғуының тұрақты емес соғуын тоқтату отасы.

Бұл жоғары мамандандырылған медициналық көмек арнаулы ауруханаларда, ғылыми клиникалық орталықтарда жасалады. Абляция жүрек катетеризациясы деп аталатын процедура арқылы жасалады, ол жүрекке жеткенше икемді түтіктерді немесе катетерді қан тамырлары арқылы өткізеді. Кейбір катетерлерде қалыпты емес жүрек соғуларының көзін жазып алатын және анықтайтын сым электродтары бар. Басқа катетер емдік радиожилікті тоқты қажетті аймаққа жеткізе алады. Дәрігер арнайы катетердің ұшы жүрек тінінің шағын аймағына бағыттайды. Құрылғы жүрекке радиоток арқылы деструкция немесе окшаулау жасау үшін катетердің ұшы арқылы радиожилікті толқындарды, өте суық температураны жібереді. Бұл жерде белгілі температура қолданылады, термиялық әсер береді. Соның нәтижесінде деструкция жасалған аймақ қалыпсыз электр сигналдардың жүрек соғуын бұзуына жол бермейді.

КЕРЕК КЕҢЕС

Дәрігерлер аритмияны тудыратын нәрсеге байланысты келесі сақтық шараларын ұсынады:

- Кардиостимуляторды немесе имплантацияланатын дефибрилляторды орнынан жылжытуы мүмкін контактілі спорт түрлерінен аулақ болу;
- ЭКС немесе ИКД имплантациясынан соң жүзу немесе сүңгу сияқты қарқынды жаттығулардан аулақ болу (әсіресе, отадан кейінгі алғашқы 3 ай ішінде);
- Егер тахикардия болса кофеде, шайда және шоколадта болатын кофеиннен аулақ болу немесе оларды шектеу;
- Кенеттен болатын стрестерді немесе қатты дыбыстарды болдырмау үшін дабыл мен телефон қоңырау үндерін өзгерту;
- Рецепсіз берілетін дәрі-дәрмектерді, тағамдық қоспаларды немесе суық тиюге және аллергияға қарсы дәрі-дәрмектерді қабылдас бұрын дәрігеріңізбен кеңесу.

Катетер абляциясы отасы кезінде де, қалпына келтіру кезінде де кейбір қауіптер бар, олар: қан кету; инфекция; қан тамырларының зақымдануы; жүректің зақымдануы; аритмия; қан ұюы.

Сондай-ақ, катетерлік абляция кезінде қолданылған йондаушы сәуледен катерлі ісік даму қаупі өте аз, төмен. Егер аталмыш ота рентгенангиограф деп аталатын аппараттың көмегімен жасалатын болса, жүктілерге жасауға болмайды. Жүкті әйелдерге рентгеноскопия қолданбай, ультрадыбыс көмегімен жасау қажет.

Имплантацияланатын кардиовертер-дефибрилляторлар (ИКД)

Дефибрилляторлар – жүрекке электрлік импульс немесе соққы жіберу арқылы қалыпты жүрек соғуын қалпына келтіретін құрылғылар. Олар аритмияның, біркелкі емес немесе тым баяу немесе тым жылдам жүрек соғысының алдын алу немесе түзету үшін қолданылады. Дефибрилляторлар, егер жүрек кенеттен тоқтап қалса, жүрек соғысын қалпына келтіре алады. Дефибрилляторлар түрлері түрлі тәсілдермен жұмыс істейді. ИКД адам өміріне қауіп төндіретін аритмия қаупі жоғары адамдар арасында кенет жүректен болатын өлімнің алдын алады. Ол кеуде тұсына тері астына хирургиялық жолмен орналастырылады. Дефибриллятормен өмір сүруге үйрену үшін уақыт қажет.

Электрокардиостимуляторлар (ЭКС)

Кардиостимулятор – жүректің қалыпты жиілікте және ырғақта соғуына көмектесу үшін электр импульстерін жіберетін шағын құрылғы. Кардиостимуляторларды жүрек камераларының синхронды түрде соғуына көмектесу үшін де пайдалануға болады, осылайша жүрегіңіз дененіңізге қанды тиімдірек айдай алады.

Кейінгі уақытта жүректің ішіне орнатылатын өте шағын көлемді кардиостимуляторлар пайда бол-


ды. Біздің елімізде де бұл кішкене көлемді электродсыз ЭКС халыққа қолжетімді. Жалпы, әлемде оның сирек қолданылуының себебі бағасы жағынан аса қымбат болуында. Ол әдеттегі ЭКС орнату мүмкін болмаған жағдайда ұсынылады және ол науқасқа физикалық және эмоционалдық жағынан жағымсыз әсерлер азырақ тудыртады.

Салауатты өмір салты

Ағзадағы асқын қауіпін азайтуға көмектесу үшін өмір бойы салауатты өмір салтын ұстанған абзал. Олар: салауатты салмақты мақсат ету; жүрекке пайдалы тағамдарды таңдау; тұрақты физикалық белсенділікпен айналысу; стресті басқару; темекіні тастау.

Сонымен қатар, дәрігердің барлық тағайындауларын сақтап, егер дәрігер сізден талап етпесе, кез келген дәрі қабылдауды тоқтатпау керек. Егер депрессия, бас айналу немесе жүрек соғуы сияқты дәрі-дәрмектердің жанама әсерлері болса, дәрігерге айтқан жөн. Кейбір дәрі-дәрмектер қан қысымының төмендеуіне немесе жүрек соғу жылдамдығының төмендеуіне әкелуі мүмкін немесе жүрек жеткіліксіздігін нашарлатуы мүмкін. Дәрігермен сөйлеспей, дәрі қабылдауды тоқтатпаңыз. Психикалық денсаулығыңызға да қамқорлық жасаңыз. Аритмиямен өмір сүру қорқынышты, алаңдаушылықты, депрессияны және стрессті тудыруы мүмкін. Егер сіз депрессияда болсаңыз, сізге өмір сүру сапасын жақсартатын дәрілер немесе басқа емдеу қажет болуы мүмкін. Отбасы мен достардың қолдауы да стресс пен алаңдаушылықты жеңілдетуге көмектеседі.

Кенжебек БИЖАНОВ, аритмолог.



Симптомдардың қашан және қаншалықты жиі болатынын, не сезінетінін, не істеп жатқаныңызды және уақыт өте келе бұл нәрселердің өзгеретінін бақылаңыз. Егер сіздің аталған белгілеріңіз тыныс алудың қиындауы немесе кеудедегі ауырсыну сияқты өте ауыр болса, шұғыл медициналық көмекке жүгініңіз.



ЖЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ

ҚР ІІМ:

ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫН РӘСІМДЕУ
жеңілдетілген тәртіп енгізілді

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап азаматтар ұсақ жол-көлік оқиғалары кезінде полицияның және соттың қатысуынсыз жеңілдетілген тәртіпте сақтандыруды рәсімдей алады. Бұл үшін мемлекет «Еурохаттама» арнайы мобильді қосымшасын әзірледі, деп хабарлайды ҚР Ішкі істер министрлігі.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қуаныш ТЛЕКБАЕВ,
ҚР ІІМ ӘПК ерекше
тапсырмалар жөніндегі
аға инспекторы:

«ЕУРОХАТТАМАНЫҢ»
ҮШ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Осындай тәртіпте жол-көлік оқиғасын рәсімдеу үшін мобильді телефонға «Еурохаттама» қосымшасын қосып алып,

тіркелу рәсімін жүргізіп, оқиғаның фото және бейнематериалдарын жүктеу керек. Қосымшаны тиімді пайдалану мақсатында жол-көлік оқиғасының қатысушылары жақын жердегі полиция нарядына жүгіне алады, олар оны пайдалану кезінде көмек көрсетеді. «Еурохаттаманың» артықшылығы неде?

Біріншіден, азаматтар ұсақ жол-көлік оқиғаларын рәсімдеу үшін полицияны күтпейді, осылайша жолдардағы кептеліс жағдайлары төмендейді.

Екіншіден, жеңілдетілген тәртіппен тіркелген жол-көлік оқиғасы кезінде жүргізушілер әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды.

Үшіншіден, сақтандыру төлемдерінің мерзімі қысқарады. Егер бұрын осының бәрі 30-дан 90 күнге дейін уақытты алса, қазір хаттама тіркеу сәтінен бастап төлемді алуға шамамен бес күн кетеді. Жүргізушілерді жол жүрісі қағидаларын сақтауға және жол-көлік оқиғаларын болдырмауға шақырамыз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz).

Қосымшаның көмегімен жүргізушілер өздері жол-көлік оқиғалары фактісін тіркеп, сақтандыру компанияларына материалдық залалды өтеуге өтінім береді.

«Еурохаттама» арқылы жол-көлік оқиғаларын рәсімдеудің міндетті үш шарты бар. Атап айтқанда:

• Жол-көлік оқиғасына екі көлік құралы ғана қатысқан кезде;

• Жүргізушілердің қолданыстағы сақтандыруы болуы қажет. Сондай-ақ, кім кінәлі, ал кім зардап шегуші екенінде келіспеушіліктер болмаған кезде;

• Апат салдарынан денсаулыққа залал келтірілмесе, ал көлікке келтірілген шығын сомасы 100 айлық есептік көрсеткіштен аспаса, ол 369 мың теңге.

САУАЛНАМА

БАҒА МЕН СӘЙКЕСТІК

Темір тұлпар қанша тұрады?

Қазіргі таңда көлік бағасы тіптен қымбаттап кетті. Қалтаң қалың болса су жаңа көлік аласың. Жағдайың жетпесе, ескі көлікті тізгіндеп қанағат етесің. Кез келген тұрғын жеке өз көлігі болғанын қалайды.



Ернұр
РЫСБАЙ

Көлік алу үшін бірнеше жыл жоғары жалақымен табыс тауып, ақша жинау керек. Несиеге алған күннің өзінде көлік бағасынан екі есе артық төлеуге тура келеді. Көзді жұмып бірнеше жылға несиеге кірген жүргізушілерді көріп жатамыз. Әрине, бұл экономикалық жағдайға ғана байланысты емес. Адамдар алып-сату арқылы табыс табуды көздеп бағаны шарықтатып жатады. Бұл факторлар да өз әсерін тигізеді анық.

Ескі көлік алған күннің өзінде оны жөндеуге талай қаражат кетеді. Елімізде көлік бағасы қымбат болғандықтан,

отандастарымыз шет мемлекеттерден сатып алып жатады. Арзан болғанымен жағымсыз жақтары да жеткілікті. Көп уақыт заңдастыруға кетеді. Шет мемлекеттерден кірген көліктер бағаның түсуіне әсер етуі әбден мүмкін. Сонымен қатар, қалтадан да қатты ұрмайды. Көлік бағасының күн сайын шарықтауына тағы бір себеп бар. Ол ақшаның тұрақсыздығы. Себебі, көлік құрастырушы мемлекеттерде барлық жабдықтар доллармен алынады. Көлікке қажетті темір-терсек бағасының қымбат болуы елімізде бағаның қымбаттауына әсерін тигізеді.



Дидар МАРАТ,
көлік сату саласындағы маман:

КӨЛІК САТУ ДА
ТАБЫС КӨЗІ

Қазіргі таңда аптасына бір көлік сатамын. Осы уақытқа дейін бірнеше жұмыс та істеп көрдім. Өз мамандығымның жалақысына көңілім толмайтын. Өзімнің білімім арқылы өзіме жұмыс жасауды дұрыс санадым. Көліктерге бала кезімнен қызықтым. Он төрт жасымнан бастап көлік жүргізуді үйрендім. Әкем көлік жөндеумен айналысатын. Жанында жүріп темір тұлпардың қыр-сырын меңгеріп алдым. Он алты жасымда кез келген көлікті еркін жөндей алатынымын. Қазір көлікті алып сатумен айналысамын. Табысым да жаман емес.

Бір көліктен кем дегенде 100 мыңға жуық теңге пайда қалады. Арзандау көлік іздеп табамын. Бұзылып тұрған жерлерін жөндеп, көліктің сыртқы бейнесін түзетемін. Содан кейін қымбат бағада сатамын. Табыстан бөлек жақсы жері, өзім қалаған уақытта жұмыс жасаймын. Өзге көліктермен салыстырып орташа бағасын қоямын. Осылайша өзімнің таза еңбегіммен табысымды табамын. Көлік бағасын қымбаттатпауға тырысамын. Көліктің жағдайына қарап лайықты бағасына сатамын. Бұл да бір табыс көзі. Алайда, қазір көпшілік адам су жаңа көлікті алғанды құптайды. Себебі, жылы ескі көліктер өзінің негізгі бағасынан екі есе қымбат. Кейбіреулер көршілес елдерден алғанды жөн көреді. Алып сатумен айналысу да оңай емес. Бұл білімің, тәжірибең арқылы жасалатын жұмыс. Осылайша кез келген салада тәжірибе мен білгенің арқылы жақсы табыс таба аласың.



Батыр ХАМИДУЛЛАЕВ,
қала тұрғыны:

АҚША ЖИНАУ –
БЕРЕКЕЛІ ІС

Бес жылда армандаған көлігіме қол жеткіздім. Осы уақыт арасында тапқан табысымның бәрін жинап отырдым. Өзімнің керек емес қажеттіліктерімнен бас тарттым. Жақын достарым қыдырып, қалағанын жасап жүретін еді. Мен ол кезде

жұмыс жасап, мақсатыма ұмтылдым. Әрдайым рөлде кетіп бара жатқанымды армандап отыратынымын. Берілмеуге тырыстым. Үш жылда біршама қаражат жинадым. Ақыры арманыма жеттім ау деген кезде көлік таңдау қиына түсті. Бес жылдың ішінде армандап жүрген көлігімнің бағасы біршама өсіп қалыпты. Басқа көлік іздеуге тура келді. Қаншама көлік қарадым, алыпсатарларға да көп ұрындым. Іздеп жүріп түсінгенім, ешкімге алдын ала ақша жібермеу керек екен.

Себебі, бірнеше рет алаяқтарға ұрындым. Қаржым жетпей қала ма деген уайымым болды. Сол сәтте әке-шешем жетпегеніне қаржылай қолдау көрсетті. Әкем екеуміз бірге іздедік. Себебі, әкем көліктің қыр-сырын жақсы білетін. Екі айға жуық уақытым көлік іздеуге кетті. Ақыр соңында су жаңа көлік алуды бұйыртыпты. Шетелден тапсырыспен алдырдым. Көлікті армандап жүргендер болса, ақша жинауға кеңес берер едім. Барлық адам армандай біледі. Алайда, арманға қалай қол жеткізуді білмейді. Мақсатың үшін тынбай еңбек ету қажет. Шыдамдылық пен сабырлықты берік ұстанған жөн. «Өзің сен, өзінді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген сөз бекер болмаса керек.

ШОБ

КӘСІПКЕРДІҢ
ҚҰҚЫҒЫ

салауатты бизнес-
климаттың көрсеткіші

Алматы қаласының
кәсіпкерлер палатасы
кәсіпкердің 2,2 млрд
теңгеге мүлктік құқығын
қорғады.



Айнабай
МӘДИ

Алматыда жанармай бекеттерінің ірі желісіне «жанармай сату нарығындағы үстем жағдайды теріс пайдаланды» деген айыппен қылмыстық іс қозғалды. Палата сарапшылары құжаттарды сараптағаннан кейін тергеуге негіз жоқ екенін анықтады. Алматы қаласының кәсіпкерлер палатасына жанармай құю бекеттері желісін басқаратын компания өкілдері жүгініп, ҚР Қылмыстық кодексінің 22-бабының 1-бөлігі (монополистік қызмет) бойынша қозғалған істің құжаттарын зерделеуді сұрады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру компания табысының жоғары деңгейі туралы ақпарат негізінде басталған. Бұл туралы ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің қорытындысында компанияның қызметін тексеру нәтижесінде көрсетілген. Құжатта компания еліміздің бірқатар өңірінде АИ-92 маркалы бензинді бөлшек саудада сатуда жетекші екені, сондай-ақ белгілі бір мерзімде 17%-ға дейін тұрақты жоғары табыс деңгейін көрсететінін, ал сол өңірлердегі бәсекелестер төмен табыс деңгейінде немесе мүлде шығында болғаны баяндалған.

Компанияның болжамды монополиялық табысы 2 244 492 498 теңге сомасында бағаланды. Өңірлік кәсіпкерлер палатасының сарапшылары прокуратурамен бірлесіп, іске қоса берілген барлық құжатты зерделеп, жоғарыда аталған мемлекеттік органның қорытындысы қылмыстық істі тіркеуге негіз болмайтынын анықтады.

«ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 179-бабына сай, нұқсан, елеулі зиян не заңсыз табыс туралы қолданыстағы заңнаманы бұзу туралы мәлімет жоқ қылмыстық құқықбұзушылық туралы арыз, хабар немесе баянат сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізімінде тіркелуге жатпайды», – деп мәлімдеді Алматы қаласы ӨКП-нің кәсіпкерлердің құқығын қорғау жөніндегі басқарушы директор Мейрамбек Қаныбеков.

Маманның айтуынша, тергеу әрекетін жүргізу кезінде тергеуді жалғастыруға мүмкіндік бермейтін негіздер белгіленді. Қала прокуратурасы қылмыстық құқықбұзушылық құрамының болмауына байланысты істі жауып тастады. «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасы заңгерлерінің тәжірибесінде мұндай кейстер өте көп. Қазіргі кезде палата осындай мәселелерді шешуде сапалы жаңа деңгейге шығаруға ұмтылыс бар.

«Кәсіпкерлердің құқығын құрметтеу, кәсіпкерлік қызметке әділ көзқарасты сақтау – салауатты бизнес-климаттың негізгі көрсеткіштерінің бірі. Ол өз кезегінде ел экономикасы мен қаламыздың өсуінің маңызды факторы. Сондықтан біз кәсіпкерлердің құқығын қорғау мәселесіне ерекше мән береміз және осы бағыттағы жұмысты күшейтуге ниеттіміз», – деп атап өтті Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының төрағасы Нұрсұлтан Шоқанов.

Спикер «Атамекен» ҰКП мемлекеттік органдармен бірлесіп, кәсіпкерлік қызметті реттейтін нормативтік-құқықтық актілер талаптар жиынтығына айналмай, бизнесті жүргізуге көбірек жағдай жасап, кеңістік беруде үздіксіз жұмыс істеп келетінін еске салды. Н.Шоқановтың айтуынша, Алматыда шағын және орта бизнестің дамуына әлеуеті жоғары. Тұтынушылар нарығы, іскерлік байланыс қалыптасқан, қаржы институттары мен мемлекеттік органдармен байланыс арналарына қолжетімділік бар.

МЕРЕЙТОЙ


ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ

«Қазақ әдебиеті» газетіне – 90 жыл!

Қазақ сөз өнерінің, әдебиетінің бас басылымы – «Қазақ әдебиеті» газетіне 90 жыл толды. Қазақстан Жазушылар одағының органы ретінде алғашқы саны 1934 жылдың 10 қаңтарында жарық көрген басылым осы ғасырға жуық уақыт ішінде оқырмандары әдебиеттің әр буынындағы жазушылардың жауһар шығармаларымен қауыштырып келеді.

Газет ұжымын Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мерейтойымен құттықтады. «Бүгін еліміздің шежірелі басылымының бірі – «Қазақ әдебиеті» газетінің алғаш жарық көргеніне 90 жыл толып отыр. Кезінде Б.Майлин, Ф.Мүсірепов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров сияқты әдебиетіміздің алыптары іргесін қалаған тарихи басылым сөз өнерінің алтын қазынасы. Оқырманының көзайымына айналған газеттің әр беті – тұнған тарих, әлі де жазары таусылмаған. Мемлекет басшысының бастаған реформалары мен халық үшін маңызды ақпараттарын қалың оқырманына талмай жеткізіп, ұлтымыздың тарихи сана-сезімін жаңғыртып келеді. Басылым қоғамымыздың рухани азғына айналып, жас қаламгерлердің шығармашылығын шындейтін абыройлы алаңға айналды. «Қазақ әдебиеті» газетінің ұжымын осынау мерейтоймен құттықтап, сіздерге таусылмас шабыт, толайым табыс, отбасыларыңызға бақыт тілеймін», – делінген министрдің құттықтау-жазбасында.

Өткенге көз жүгіртсек, газеттің алғашқы санында редактордың (Ғабит Мүсіреповтің) «Ұлы дәуірге үлкен әдебиет» атты бас мақаласы жарияланған. Сондай-ақ, Сәкен Сейфуллиннің «Кезекті істерім» атты толғауы, Ілияс Жансүгіровтің «Колхоз айтқысы» өлеңі, Бейімбет Майлиннің «Сары май» әңгімесі, Саттар Ерубасев пен Өтебай Тұрманжановтың өлеңдері, Тайыр Жароковтың «Менің журналым» атты мақаласы жарық көріп, оқырмандарын бірден елең еткізген.

Газетте «Кітап сыны» (кейіннен «Редакция»), «Библиография», «Жаңа кітап», «Редакцияға хат», «Әдебиет хабарлары», «Соңғы жаңалықтар» сынды айдарлар болған. Мәселен, «Кітап сыны» арқылы қаламгерлер баспадан енді шыққан кітаптар туралы ой-пікірлерін білдіріп

отырған. Ал «Библиографияда» жаңадан шыққан кітаптардың мазмұны таныстырылған. Сонымен қатар, «Қазақ әдебиеті» қаламға жақын жастарға қолдау көрсетіп, шығармаларын жариялап отырған. Сөйтіп, басылым оқырман қауымның эстетикалық талғамын тәрбиелеуде елеулі рөл атқарып, әдебиет пен өнердің қалың бұқараның өмірімен тығыз байланыста болуына дәнекер болды. Газет беттерінде қазақтың ақын-жазушыларының шығармаларымен бірге, байырғы мәдени қазынамыздың ел аузында жүрген асыл үлгілері, көне тарихымызға қатысты деректер мен археологиялық-этнографиялық мұралар, қазақ әдебиетінің өткені мен бүгінгі және келешегі жайлы байышты әдеби-сын мақалалар, елдік деңгейдегі күрделі мәселелер де жарияланып тұрды. Сонымен бірге, оқу-ағарту, білім, ғылым, кино, театр саласындағы әр алуан көкейкесті тақырыптарға орын берді.

Қазақтың қабырғалы қаламгерлерінің аяғының ізі, қаламының табы қалған «Қазақ әдебиетінің» еліміздегі кейбір экономикалық, әлеуметтік, саяси мәселелерге байланысты шықпай қалған кезеңдері де болған. Бірақ тоқырау жылдарын да, қайта құру кезеңін де бастан өткере жүріп, ең бастысы, ешқашан да оң жолынан таймаған. Қай заманда да ұлт туын берік ұстап, халқына қалтқысыз қызмет етіп, әдеби өміріміздің айнасы, халқымыздың рухани ұстазы бола білді. Қазақ елі Тәуелсіздік байрағын көтерген кейінгі жылдары да тұғырынан түспей, шыққан биігінен аласармай, парасатты ойлар арнасын кеңейтіп, ұлт мүддесін жоғары ұстап, әлі күнге жарық көріп келеді.

Қазақ сөз өнерінің көшін бүгін де өрге сүйреп келе жатқан басылымның ұжымын мерейлі күнімен құттықтаймыз!

«ALATAU AQPAPAT»
медиахолдингінің ұжымы.

КІТАП – ҚАЗЫНА

«АКТЕР ШЕБЕРЛІГІНІҢ ӘЛІПШЕСІ»

Театр мен педагогика саласындағы ерекше әдістемелік еңбек

Актёр шеберлігі һәм режиссура...
Өнер әлемінде, әсіресе, театр мен кино әлемінде осы екі ұғымның маңызы зор екені әммеге аян. Алайда, көркемөнер үшін өте актуальды осы екі құбылыстың құпиясын біліп, меңгергендер және оны басқаға дәріс етіп сіңіре білетіндер бар һәм білмейтіндер бар. Оны біз күнделікті театр мен кино саласынан көріп те жүрміз.

Негізінен, актёр шеберлігіне нақты баға бере алатын шешуші мамандық иесі – режиссер. Режиссураны сахна өнерінің қаны десек, актёрлік шеберлікті оның жаны деу қисынды. Ал сонда аса маңызды осы актёр шеберлігінің негіздерін қалай игеруге болады? Оның методикалық жүйелері бар ма? Актёрлерге немесе өнерпаз жастарға оның құпиясын қалай түсіндіріп, қалай үйретуге болады?

Осы бір актуальды сауал сонау ерте эллиндік дәуірден бері маңызды бір сәт жойған емес. Осы қасқалдақтың қанынан қат екі мәселеге қазақ театр саңлақтары да айрықша көңіл бөле бастады. Таяуда біздің қолға белгілі өнер қайраткері Орынбасар Исақовтың «Актёр шеберлігінің әліппесі» атты методикалық әдістемесі тиді. Әлбетте, кітап атының өзі-ақ көзіқарақты оқырманды елең еткізеді даусыз.

Сахна қайраткері есебінде Орекеннің күні кешегі ұлы сахна реформаторы Станиславскийдің жүйесіне арқа сүйеген маман екенін сахнаға қатысы барлардың бәрі жақсы біледі. Осындай маманның аса актуальды тақырыпқа әдістемелік еңбек жазуы театр ғана емес, сондай-ақ бүкіл ғылым мен педагогика саласында да ерекше еңбек болып табылмақ.

Әдістемелік құрал алдымен орта кәсіптік білім беру жүйесіне, сондай-ақ әуесқой көркемөнерпаздар ұжымдарына арналады. Алдымен ондағы театр өміріне тән әрбір элементті игеру машығы көңіл аударатындай. Әлбетте, мұндай еңбектің өмірін өнерге арнаған жастар үшін ауадай қажеттілігі айтпаса да белгілі.

Белгілі театр маманы Әшірбек Сығай О.Исақовтың осы еңбегіне былайша баға беріпті:

«Бұл еңбек оқу-әдістемелік құрал болғандықтан, мұнда қолмақол жасауға болатын қарапайым да оңай жаттығуларға кеңірек орын берілді және әрбір элементтің басты ерекшеліктеріне, оның теориялық мағынасына қысқаша түсініктемелер берілген.

Қай пәнді болмасын қисынды жүйеде оқытқанда ғана нәтижелі болатындығы белгілі. Автор О.Исақов та осы қағиданы берік ұстанған. Кітапта актёр шеберлігі элементтерінің қарапайым түрлері біртіндеп күрделі элементтерге ұласып, жалғасып отырады.

Режиссура, актёр шеберлігі, сахна тілі, қимылы сияқты салаларда қазақ тілінде шыққан оқулықтар, әдістемелік құралдар әлі де тапшы.

Осының әммесі аталмыш еңбектің практикалық маңыздылығын көрсетіп дәлелдей береді.

Автор екібастан аталмыш кітапта актёрлар үшін шеберлік пәні болу мақсатында жазғаны көзге ұрып тұр. Сондай-ақ, оны цирк, хореография орта оқу орындарының, студиялар мен музыка мектеп-



терінің оқу бағдарламасына енгізсе де, нұр үстіне нұр болар еді.

Бұл жерде мамандығы театр режиссері есебінде Орекеннің сахна өнеріне қатысты біраз жайтқа көңіл бөлгені байқалып тұр. Қазір өнерді сахналау тұрғысында режиссер мен сценарист қарым-қатынас туралы түрлі пікірлер айтылады. Ақиқатында, режиссурасыз, шебер режиссерсіз актёр шеберлігінің дамуы да екіталай. О.Исақовтың бұған дейінгі ақпарат құралдарына жарияланған бірлі-жарым еңбегінен де осы өзекті мәселеге айрықша көңіл бөлгенін байқаған кезіміз болған.

Белгілі кино маманы Сатыбалды Нарынбетовтың тілімен айтқанда, «жақсы жазылған сценарий – жақсы режиссураның кепілі». Театр өнерімен қоса жазушылықты да қоса меңгерген Орынбасар Исақовтың бұл мәселеде қадамына сын туғызбас маман екенін бірден баса айтуымыз керек. Жалпы, сахнада да, кино өнерінде де осы режиссер мен сценарист арасындағы қарым-қатынас қашанда елеулі маңызға ие болды. Біздің түсінікте жақсы режиссер болу үшін алдымен тәп-тәуір жазушы болу керек дер едік.

Сахна өнерін жан-жақты меңгерген Орекеннің бұл орайда да өзгелерден көш ілгері тұрғанына дау жоқ. Біз сөз етіп отырған әдістемелік құралдан да осы жайт айқын байқалады.

Мәселен, Орынбасар Исақовтың «Актёр шеберлігінің әліппесі» әдістемелік құралында «Қиял» деген тарау бар. Әлбетте, өнер адамы оның ішінде сценарист пен режиссермен қоса актёр үшін де жеке бастың қиялы, фантазиясы, импровизациясы ауадай қажет тегіктер.

Автор «бұл сабақты бастамас бұрын «қиял» деген терминнің өзіне тоқталып, ол туралы түсініктерді шартты түрде жүйелеп алайық. «Қиял» түсінігі бізге философия, психология ғылымдары тарапынан жасалған анықтамалар арқылы өте таныс. Біз сол тұрғыда оған терен талдау жасап, тоқталып жатпаймыз. Жалпы актёр шығармашылығы үшін қиялдың қандай маңызы бар? Актёр шеберлігін игеруде, қалыптастыруда оның орны қандай? Енді осы сұрақтар айналасында ой өрбітеміз» деп жазады.

Жасыратыны жоқ, күні бүгінге дейін бағы жанбай келе жатқан қазақ киносы да, оның ішінде біршама жақсы дамыған театр өнері де бұл мәселеге келгенде зәрулікке ұшырап отыр деуге негіз бар. Басқаша айтқанда, қазақ актёрларында

қиял (воображение) материясы тапшы.

Театр мен кино өнерінің ортақ элементтерінің көп екенін ұмытпауымыз керек. Дәл осы жерде есімізге айтулы режиссер Леонид Гайдай фильмдеріндегі актёрлардың сценарийды, оған қоса режиссерлік қисындарды дамытқан қиялы, фантазиясы еске түседі. Осындай актёрлік шеберліктің арқасында Гайдай фильмдері жарты ғасырдан бері сұранымын жойған жоқ.

Гайдай фильмдеріндегі Никулиннің («Кавказ тұтқыны»), Яковлев пен Куравлевтың («Иван Васильевич мандығын өзгертеді») жеке қиялының барысында қисындаған эпизодтары, басқаны айтпағанда, Леонид Гайдайдың өзін де таңқалдырғаны даусыз.

Орынбасар Исақовтың қисындауында «қиял мен фантазия – алдымен актёр мамандығының, актёр болмысының негізі». Өйткені, актёр спектакльдегі әр оқиғаны жеке өз басының қиялы арқылы шындыққа айналдырып, көрерменге ұсынады.

Бұл әдістемеден жас маман актёр үшін өзінің болмысын, ішкі көңіл күй сезімін әрекетке салып отыруға тиіс жүйелі де қызықты фантазия қажет екенін оқып біледі.

Орекен «актёр шығармашылығына қажетті қиялды екі жағдайда: бізді қоршап тұрған ортада (кәдімгі шындық өмірде) және қиялдағы, ойдан тудырылған «ортада» дамытуға болады. Ол үшін әртүрлі жаттығулар ойлап тауып, орындау, талдау жасау, осыған байланысты айналыны – күнделікті өмірді бақылау, ондағы болып жатқан оқиғаларды, іс-әрекет, қимылдарды күнделікті ой елегінен өткізіп, көңіл бөліп, нақтылап отыру керек. «Актёр шеберлігінің» барлық элементтері тығыз байланысты, бір-бірінің жалғасы десе де болады» деп қисындайды.

Бір сөзбен айтқанда, Орынбасар Исақовтың аталмыш әдістемелік құралы қазақ сахна өнері мен кино актёрлары үшін таптырмас қазына деу қисынды. Біздің білуімізше, көптеген жас мамандар Орекеннің осы еңбегін жата-жаста на оқитынға ұқсайды. Өрі еңбек ондай құрметке лайықты да!

Орекен тек қана театр маманы емес, сондай-ақ жақсы әдебиетші де. Өнердің әр саласының негізі бір. Бұған дейін Орекеннің бірнеше әдеби туындылары мен кітаптарын кездестіріп оқығанымыз бар. Онда да өнер адамының жан-жақты дамыған қайраткер екені айқын байқалады.

Мәселен, Орекеннің өткен жылы шыққан «Ойыншықтар фабрикасы» кітабына әңгімелері мен аудармалары еніпті. Соның ішінде біз «Аялдамада кезіккен мысықтың хикаясы» әңгімесінің әдеби орындауына тәңгі болдық.

Онда Орекен бір иесіз мысықтың оқиғаларын баяндау арқылы қазіргі өмірдің пенделшілігіне, адами қателіктер мен гуманизм нормаларына тоқталып талдау жасайды, ой түйіндейді.

Қысқасы, Орынбасар Исақовтың театр өнерімен қоса әдебиетке де елеулі еңбек сіңіргені күмәнсіз. Тағы да бір айта кетері, табиғатынан ыждағатты автор өз қаржысына шығарған еңбектерін халықтың игілігіне айналдыру үшін барлық облыстық кітапханаларға тегін таратқан. Оның өзі де автордың ұлт болашағына елеусіз қарамайтынын айғағы.

Өмірзақ МҰҚАЙ.



СӘТБАЕВ – 125

ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ

XX-XXI ғасырда Сәтбаевтай тұлға қазақтан әлі шыққан жоқ

(Басы 1-бетте)

– Жалпы, ғылымның қай саласында Қаныш Имантайұлының үлесі, қолтаңбасы басым?

– Сәтбаев араласпаған сала жоқ. Ғылымның барлық саласында Сәтбаевтың қолтаңбасы бар. Көп адамдар ол кісіні тек «геолог» деп таниды. Әрине, ол кісінің басты еңбегі – геологияда. Бірақ әдебиеттану, тарих пен археология, өнертану, математика мен физика ғылымдарында да Сәтбаевтың ізі сайрап жатыр. Бұл кісі сегіз қырлы, бір сырлы талант, энциклопедиялық білім иесі болған. Заманында ол тек Ресейдің ғана емес, шетел оқымыстыларын да таңқалдырған, Сәтбаевты бәрі мойындаған. Ол кезінде Мәскеудің атақты ғалым, академиктерінен «Мүмкін еместен мүмкін нәрсе жасаған Сәтбаев» деген баға алған.

Ұлыбританияның премьер-министрі Уинстон Черчилль кезінде Сәтбаевқа «Совет Одағындағы №1 геолог» деп баға берген. Совет Одағын басқарған Н.Хрущевтің өзі Сәтбаевтың білімділігін мойындаған. Хрущевтің Сәтбаевпен кездесуіне ықпал еткен – У.Черчилль. Совет Одағына келіп Хрущевпен сөйлескенде: «Сіздің аз ұлттарыңыздың ішінде бір ұлы ғалым жүр, білесіз бе?» деп сұрайды. Хрущев армян, грузин сияқты басқа ұлттарды айтады. Ана кісі: «Жоқ, білмедіңіз, сіздер өздеріңіздің ұлы ғалымдарыңызды танымайды екенсіздер. Ол – Қаныш Сәтбаев деген қазақ» дейді. Содан Н.Хрущев Черчилльді шығарып салысымен Алматыға келіп, Ғылым академиясында, Геология институтында болып, Қаныш Имантайұлының еңбектерімен танысады. Сөйтіп, «Сәтбаев бір ғана Қазақстанның емес, бүкіл Совет Одағының жерінің астында қай жерде қандай байлық жатқанын алақанындағыдай біліп отыр ғой» деп таңқалған.

Жалпы, біз XX ғасырдағы қазақ мәдениетінің дамуын екі бөліп қарастырамыз: 1). Алаш арыстары кезеңі; 2). Сәтбаев бастаған жұлдызды ғалымдар шоғыры.

– Қалай ойлайсыз, ұлт алыптарының осы екі тобының арасында сабақтастық, қандай да бір рухани байланыс болды ма?

– Болғанда қандай! Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Жүсіпбек Аймауытов төртеуі Семейдегі мұғалімдер семинариясында бірге оқыған, «Алаш» қозғалысының ең жас әрі белсенді мүшелері болған. «Алаштың» тәлімімен сусындаған бұлар ұлтқа қызмет етуді мақсат етті. 50-жылдары Баянауылда болған бір кездесуде Қаныш ағаның: «Біз Алаштан жазбаша түрде бас тарттық, бірақ жанымызбен, жүрегімізбен алашшыл болып қалдық және олардың идеясын іске асырып жатырмыз» деп айтқаны бар екен.


Томскінің Технология институтына М.Усов деген профессор оқуға шақырған кезде Қаныш Имантайұлы Міржақып Дулатовпен, Ахмет Байтұрсынұловпен ақылдасады, «оқын ба, не істейін?» деп. Ана кісілер айтады: «Қазақ мұғалім мен дәрігер жетеді, енді бізге инженер керек», – деп. Кейіннен институт бітіріп, сол кездегі астана Қызылордаға келген Қаныш Сәтбаев түнгі сағат 2-де ең бірінші Міржақып Дулатовтың үйіне барып түседі. Ол кісі әйеліне көрсетіп мақтанады: «Міне, біздің қазақтан шыққан тұңғыш жоғары білімді инженер келді», – деп. Бұл М.Дулатовтың қызы Гүлнар апамыздың кітабында бар. Соны біле тұра, біз қалай Сәтбаевтың Алашпен байланысы болған жоқ деп айтамыз? Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұландардың Ахмет Байтұрсынұловтармен бірге түскен суреті де бар. Мен бұл туралы Мұхтар Мұқашұлынан сұрадым. Ол кісі: «Бұлар таза сол Алаштың шәкірттері ғой. Менің қатарымдағы буын Алаш десе зәреміз ұшып, қалтыраймыз. Біз әбден күшігімізден таланып, шошып қалғанбыз. Сол үшін біз Алашты айта да, зерттей де алмаймыз. Ал сен осыны қолға ал, зертте», – деді. Содан бастап Сәтбаевты Алашпен байланыстырып зерттеуді қолға алдым, көптеген тың мәліметтерге қол жетті. Шынында, Сәтбаев – Алаш баптаған, Алаш дайындаған тұлға. Қарап тұрсаңыз, Алаштың қалдырып кеткен бөлтіріктері: Әуезов – әдебиетті, Сәтбаев – ғылымды, Әлкей Марғұлан – археологияны қандай деңгейге көтерді! Ал солардың өздері де болғанда қазақтың мәдениеті, өркениеті бүгінде қандай деңгейге жетер еді десеңізші!..

– Сол тәлім-тәрбиесі, өнегесі текке кеткен жоқ. Қаныш ағаның өзі де ұлтқа қалтқысыз қызмет еткен таланттар шоғырын тәрбиелеп шығарды емес пе?

– Әрине. Атақты Шахмардан Есенов, Евней Букетов, Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани, Салық Зиманов, Нығмет Сауранбаев, Әмірхан Байқоңыров, Сақтаған Баишев, Шапик Шокин, бұлардың бәрі – Сәтбаев дайындап шығарған ұлт кадрлары.

Политехникалық институт ол кезде Тау-кен металдары институты деп аталған. Қаныш Имантайұлы Қарсақпайда зауыт директоры болып жүрген өзінің шәкірті Әмірхан Байқоңыровты алдыртып, институтқа басшы етіп қойғызған. Сондағы берген тапсырмасы: «Мұндағы қазақ студенттерінің саны 20 пайыздан аспай жатыр, соны көбейтесің» дейді. Сөйтіп, Ақжан Машанов, Евней Букетов, барлығы жабылып жүріп, институттағы қазақ балаларының санын 50 пайызға жеткізеді. Сонда Орал, Ақтөбе, Петропавл, Өскеменге жіберілген адамдардың барлығы балалардың математика, физикаға жақсы, бірақ Алматыға оқуға келетін ақшасы жоқ екенін білген және өздері ақшасын төлеп, алып келген. Сонда Әмірхан Байқоңыров екі рет Пленумға түскен, бір рет партиялық сөгіс алған. Бірақ өз дегенінен қайтпай, ұлт алдындағы міндетін орындап кеткен.

Қаныш Имантайұлы осы университеттің геологиялық барлау факультетінде мемлекеттік емтихан комиссиясының



Фотодереккөз: Әдебиет порталы.

төрағасы болған, кадрларды сөйтіп жүріп таңдаған өзі. Сонда осында оқып жатқан студенттердің аты-жөнін, қайсысы қалай оқып жүргенін біліп отырған. Гонорардан түскен ақшаларын сейфіне сақтап қояды екен, соны өзінің бала-шағасына бермей, жағдайы болмай жүрген студенттерге берген.

Қаныш аға өзінің сенімді серіктеріне: «Техникалық оқу орындарын қазақыландырмайынша, Алматыны қазақыландыра алмаймыз. Себебі, мединститут пен пединститутта оқып жатқан балалар бітірген соң барлығы ауылға кетеді. Ал мына техникалық оқу орындарын бітіріп жатқан балаларды Алматыға зауыт, фабрикаларға алып қала аламыз. Алматыны қазақыландыру үшін күрескен. Қ.Сәтбаев, Ө. Байқоңыров, Ш.Шокин, Ш.Есенов, А.Машани, бұлардың қай-қайсысы да ұлт үшін өзін құрбандыққа шалуға дайын тұлғалар болды. Зерттеу барысында менің соған көзім жетті.

– Қаныш ағаның Ұлыбритания Премьер-министрі Уинстон Черчилльмен кездесуі және сондағы керемет сөзі туралы әр жерде айтылып жүр. Соның жай-жапсары қалай болған?

– Қаныш Имантайұлы КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретінде Лондонға барғанда Уинстон Черчилльмен кездеседі. Бойының сұңғақтығын меңзеген У.Черчилль: «Қазақтардың барлығы сіз сияқты ірі ме?» деп сұрайды. Қаныш аға: ««Мен қазақтардың ішіндегі ең кішкентаймын. Менің халқым менен де биік» дейді. Ағылшынның бірнеше газет-журналдары соны тақырып қылып, Сәтбаев туралы мақала берген. Ол кісінің ұлттың шексіз сүйегінен, оған үлкен құрметпен қарағанын осыдан-ақ көруге болады. Сол жолы Қаныш Имантайұлын Лондонның геологиялық музейіне алып барады. Гид: «Бізде Ұлыбританияда сирек кездесетін тас» деп бір тасты көрсетеді. Сәтбаев ары қарап, бері қарап, күледі де: «Жоқ, бұл – біздің Қазақстанның, оның ішінде Орталық Қазақстан, Қарсақпай деген жердің тасы» дейді. Гид таңқалып: «Мұнда жазып қойған ғой» дегенде: «Мен туған жерімнің әр тасын танымын» дейді. Бұл әңгімені У.Черчилль естіп: «Туған жерінің әр тасын тани беретін ол – қандай геолог? Зерттеп, маған нәтижесін айтыңдар» дейді. Зерттегенде, ол шынымен де, XIX ғасырдың аяғында бір ағылшын капиталісі Қазақстаннан алып барған тас болып шығады. У.Черчилль: «Туған жерінің тасын кез келген геолог тани бермейді. Мынау Совет Одағындағы №1 геолог қой» деп қалтқысыз мойындайды.

– Ал Мәскеудің ғалымдары «Мүмкін еместен мүмкін жасаған Сәтбаев» дегенде нені меңзеді? Қаныш Имантайұлы оларды қандай жаңалығымен мойындатты?

– Біріншіден, Сәтбаевтың шәкірті Шахмардан қаласын салдырды. Сол үшін Жезқазғанды «Сәтбаевтың төл тумасы» дейміз. Одан басқа да жүздеген қаланы Сәтбаевтың есімімен байланыстыруға болады. Қаныш аға Жезқазғаннан мыстың миллиондаған қорын тапты. Сөйтіп, Совет Одағы мыс өндіруден әлемде 1-орынға шықты. Одан кейін II Дүниежүзілік соғыс басталғанда мойындатты. Ол кезде марганец кен орны Украина мен Белоруссияда ғана болды, оларды немістер басып алды. Енді геологтардың алдында марганец табу мәселесі тұрды. Марганецтің қасиеті – оны болатпен қосып балқытқанда брон пайда болады. Брон – соғыс жағдайындағы ең қажетті, оқ өткізбейтін, жарылмайтын металл. Сәтбаев соны «Орталық Қазақстаннан табамын» дейді. «Орталық Қазақстан тұрмақ, бүкіл Орта Азиядан таппайсыз, біз ол жақтың бәрін зерттеп, барлап қойғанбыз» деп орыстың көрнекті ғалымдарының бәрі оған қарсы шығады. Қаныш

Имантайұлы өзінің теориясы мен практикасын ұсынады. Сталиннің адамдары геологиялық экспедиция ашып, Сәтбаевқа 1 жыл уақыт береді. Сәтбаев кен орнын бір жыл емес, бір айдан сәл асқанда тауып, Мәскеуге мәлімдеме жасайды, сол мезетте марганец өңдейтін зауыт та дайын болады. Міне, біздің ата-бабаларымыз қандай қажырлықпен жұмыс істеген!

Бұл кісінің қасиеті – кен шықпайды деген жерден кен тауып отырған. Мысалы, Маңғыстаудың мұнай, газы қазір әлемге белгілі. Сәтбаевқа дейін ол жаққа екі геологиялық экспедиция барып, түк таппай келеді. Сәтбаев Шахмардан Есеновті ертіп барып, мұнай, газдың мол қорын табады. Сөйтіп, жұмысты ары қарай жалғастыру үшін Шахмардан Есеновті сол жерге қалдырады. Шахмардан Есенов сонда қызмет істеп, елдің экономикасын көтеріп қана қойған жоқ, Хрущев Маңғыстауды түрікменге береміз деп тұрған кезде алысып, алып қалды. Мәскеудегі жиналысқа барып қатысып, мұнай, газды қазақтардың өздері игере алатынын дәлелдеді. Ал Шахмардан Есеновті кім дайындап шығарды? Сәтбаев шығарды.

– Қаныш Имантайұлының есімімен байланыстырылатын тағы бір үлкен жоба, ол – Қарағанды-Ертіс каналы...

– Оның тарихы былай: 50-жылдары Қазақстан үкіметі қаулы шығарып, Мәскеу оған келісіп, Қарағанды қаласын жауып, таратпақ болған, «су жоқ» деп. Сәтбаев соның бәрін тоқтатып, Ертістен Қарағандыға канал тартудың жобасын өзі сызып, сөйтіп барып Қарағандыны сақтап қалған. Сол Ертіс-Қарағанды каналы қазір Сәтбаевтың атымен аталады. Сол үшін біз Сәтбаевты қазақтан шыққан тұңғыш геолог қана емес, тұңғыш менеджер деп те батыл айта аламыз.

– Геологиялық карта дайындағанда Қаныш Имантайұлы көптеген кен орындарын «ұрпағымызға керек» деп жасырып қалған деседі...

– Қаныш Имантайұлы – «кен орны жоқ», «қазба байлық шықпайды» деген жерден қазба байлық тапқан адам. Ол кісінің жерден көтеріп алған бір тасы кен орнына айналған. Ол ашқан кен орындары үлкен қалаларға айналған. Міне, сол кезде өзінің сенімді шәкірттерімен жүріп, кейбір пісіп тұрған кен орындарын өндіріске жібермей, жаптырып тастайды. Шәкірттері «неге өндіріске жіберіп пайдаланбаймыз?» дегенде: «Біз қазір бар қазба байлықты игеріп алсақ та кетеді. Артағы ұрпағымызды неге ойламаймыз? Мына қазба байлық соларға қалсын. Ертең еліміз жеке ел болады. Сонда экономикасын қалай көтереді, қалай аяғынан тұрады?!» дейді. Міне, қандай көрегендік, қандай көріпкелдік!

– Осы орайда, Қаныш Имантайұлын қолдағандар да, аяғынан шалғандар да кездескені анық қой. Жалпы, еліміздің үкімет басындағылардың ол кісіге көзқарасы қандай болған?

– Сәтбаевты бірден-бір қолдаған адам – Қазақстанның сол кездегі үкімет басшысы Нұртас Дәндібайұлы Ондасынов ағамыз. Қаныш Имантайұлын Жезқазғаннан алдырып, Ғылым академиясына қызметке қойған – сол кісі. Қонаевты Риддерден алдырған да – сол. Қазақтың тұлғалы екі азаматын Нұртас Ондасынов екі жақтан алып келді сөйтіп. Нұртас Ондасынов пен Қаныш Сәтбаев екеуі өле-өлгенше тығыз байланыста жұмыс істеді. Нұртас Ондасыновтың тікелей көмегімен Қаныш Имантайұлы 1942 жылы республикалық ақындар айтысын ұйымдастырды. 1946 жылы Ғылым академиясын ашты. Нұртас Ондасыновтың көмегімен, жан-жақтағы ғалымдарды Мәскеуден, Ленинградтан, Сібірдің қалаларынан, Киевтен шақырып, Қазақстанның Ғылым академиясына жұмысқа тұрғызды. Бәріне Алматыдан үй



бергізді. Әр келген орыстың, еврейдің ғалымына екі-үштен қазақ баласын аспирант қып бекітіп берді. Сөйтіп барып 4-5 жылда ұлттық кадрды қалыптастырды.

Сәтбаев әдебиеттану мен өнертануға да үлкен еңбек сіңірді. Өзі домбыра, гитара, мандалин, скрипкада шебер ойнаған. А.Затасвич қазақ әндерін жинағанда Қаныш аға «Бүркітбай», «Гауһартас», «Алтыбасар» сияқты кең тынысты 25 әнді өзі орындап, жазғызады.

«Иллиада» мен «Одиссейді» екі орап алатын «Қырымның 40 батыры» дастанын жырлайтын Мұрын жырау Сеңгірбекұлы 1942 жылы 82 жаста екен. Нығмет Сауранбаев пен Қаныш Сәтбаев: «Мұрын жырауды Алматыға алдырып, стенограммаға жаздырып алмасақ, інжу-маржанымыздан айырыламыз. Жасы келген ақсақал ертең олай-бұлай болып кетсе, дастанды жоғалтамыз» деп Н. Ондасыновқа хат жазған. Нұртас Ондасынов ойланбастан 10 мың сом аудартады. Ол кездегі 10 мың сом – қазіргі 100 мың доллардың құны. Содан Мұрын жырау Алматыға келіп, бір жаз жатады. Осылайша «Қырымның 40 батыры» Сәтбаевтың арқасында жазылып, сақталып қалады. 1928 жылы «Ер Едігені» Мәскеуден кітап қып шығарған да – Қаныш Сәтбаев. Кейін сол «Ер Едіге» үшін бұл кісі «ұлтшыл» атанып, таяқ та жейді. Өйткені, Едіге Токтамыс ханның қолбасшысы. Мәскеуді соңғы рет басып алған, оны Алтын Ордаға алым-салық төлеуге мәжбүр еткен – Едіге. Сондықтан Мәскеуге ол ұнаған жоқ. Оны көрсетіп, арыз жазып, түрткілеген де – баяғы өзіміздің қазақтар.

– Сонда не үшін көре алмаған? Не деп арызданған?

– Бұл кісі тікелей Мәскеумен жұмыс істеген. Қазақстанның Орталық Комитетімен жұмыс істеуді екі жұмыс деп қараған, бәрібір Мәскеусіз шешілмейтінін білген. Сонда кейбір көре алмаушылар «Сіздерді менсінбейді, өз бетінше тірлік жасайды», «адамға санамайды» деп жоғарыдағыларға жамандап отырған, үстінен арызды қарша боратқан. Көзі тірісінде жауы көп болды, пендешілік қызғанышты, көре алмаушылықты бастан өткерді.

Қаныш Имантайұлы КСРО Мемлекеттік сыйлығын, Лениндік сыйлықты, 4 рет «Ленин» орденін, «Ұлы Отан соғысы» орденін алған. 60 жасында Мәскеу «Социалистік Еңбек Ері» атағын беріп тұрған кезде Қазақстанның Орталық Комитеті қарсыласып, «ұлтшыл» деп бергізбей қойған. Сонда Мәскеуге шақырылады. Орталық Комитеттегілер: «Сізге осындай атақ берейік деп едік, жерлестеріңіз арыз жазып жатыр» дейді. Сәтбаев алдына қойылған арызға қарамайды да, оқымайды да. «Жерлестерім қарсы болса, онда мен әлі жұмыс істеуім керек, әлі еңбегім сінбеген ғой» деп шығып кетеді. Соны есіне алған орыстың бір академигінің: «Ондай ұлылық Сәтбаев сияқты адамда ғана болады» деп жазғаны бар. Шындығында, ол атақ үшін, мансап үшін жұмыс жасаған адам емес.

– Қаныш Имантайұлының ұлтына сіңірген ұланғайыр еңбегін саралау барысында тағы не байқадыңыз? Қай қырына, қай әрекетіне тәнті болдыңыз?

– Мұнай-газ ашылып, Жаңаөзен, Жетібай, Ақтау салынып жатады. Бірақ аймақта тұшты су қоры жоқ. Жерасты сулары әлі зерттелмеген. Каспийдің суын тұщытатын атом электр станциясы салына бастайды. Сол кезде Қаныш аға қатты ауырып, Мәскеуде ауруханада жатады. КСРО Атом өнеркәсібі министрі көңілін сұрауға барады. Сонда Қаныш Имантайұлы: «Мені дәрігерлер қарап жатыр ғой, мені қайтесіз. Анау Ақтаудағы станцияны тезірек бітіртіңізші. Менің халқым шөлдеп жатыр ғой» дейді. Оның өзі екі дүниенің ортасында жатса да ұлтын ойлап жатқанын көрген ана кісі: «Мен ауруханадан жылап шықтым және Сәтбаевтың құрметіне станцияны тезірек бітірттім» дейді. Сөйтіп, Ақтауға тұшты су беріле бастайды. Бұл – сол министрдің Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдығында айтқан естелігі.

Тағы бір азаматтығы, Мәскеуде ауырып жатқан кезінде КСРО Ғылым академиясының президенті В.Коморов келіп: «Сізді Лондонның дәрігерлері емдейді. Осынша миллион ақша керек екен, оны үкімет бөлетін болды» дейді. Сонда Қаныш ағамыз айтады: «Сіз білесіз бе, менің ауылдағы жерлестерім аудан орталығына келіп емделе алмай жүр. Ал мен миллиондаған ақшамен шетелге барып емделсем, ертең олардың бетіне қалай қараймын? Мені емдесе – осында емдесін, емдемесе – онда бас тартамын», – деп келісім бермеген. Сөйтіп, 1964 жылы 65 жасында 30 қаңтарда қайтыс болды.

– Биыл Қаныш Имантайұлының туғанына 125 жыл толады. Жалпы, ол кісінің еңбегін лайықты бағалап, құрмет көрсете алып жүрміз бе?

– Бүгінде Сәтбаевтың атында ғаламшар бар, Уранның жанадан ашылған серігі «Сәтбаев планетасы» деп аталады. Қала, Жоңғар Алатауының мұздағы, гүлдің жаңа сорты бар. Қаныш Имантайұлының досы, геолог-ғалым Е.Анкинович өзінің ашқан жаңа минералын «Сатпаевит» деп атаған. Еліміздің бүкіл қалаларында көптеген мектептер мен көшелердің атауы Қаныш ағаның құрметіне қойылған. Қазақстанда ол кісіге 20 зәулім ескерткіш тұрғызылған. Бір Алматының өзінде Сәтбаевтың атында 5 нысан: көше, мектеп, Ұлттық университет, Геологиялық институт, Ғылым академиясында Сәтбаев музейі бар. Бірақ қалай дегенмен де, Сәтбаевтың ұлт тарихындағы қайраткерлік тұлғасын әлі ешкім жеткізіп айта да, жаза да алмай жатыр. Сәтбаевты айттырғысы келмейтіндер, ана кісінің, мына кісінің алдына шығарғысы келмейтіндер әлі де бар. Ал шындығын айтқанда, осы ХХ-ХХІ ғасырда Сәтбаевтай тұлға қазақтан әлі шыққан жоқ. Тіпті, Қазақстанды басқарған азаматтардың өзі Сәтбаевтың деңгейіне жеткен жоқ. Мен мұны қашанда ашық айта аламын.

– Әңгіменізге рахмет!

Роза РАҚЫМҚЫЗЫ.



ҚОНАЕВ – 112

ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ

ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтеді



Әр ғасырда, тіпті әр онжылдықта ұлтына айрықша қызмет сіңірген кемеңгер ұлы тұлғалар болады. Ондай дара да, дана жандар халқының сүйікті перзентіне айналады.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Бүгін Қазақстанды ширек ғасырдан астам басқарған Дінмұхамед Қонаевтың туғанына – 112 жыл. Оның Қазақ елі үшін Кеңестер Одағы тұсында атқарған ерен істері жетерлік. Кеңестік Қазақстанды қылышынан қан тамған империяның идеологиясына жұтылдырмай ұстап, сақтап, өркендету үлкен қайраткерлік іс. Сондықтан ұрпағы қадірлеп, Қапшағайды Қонаев қаласы деп атап, ардақты ұлын ұлықтауы оның туған халқы алдындағы еңбегін бағалау, кемеңгерге көрсетілген құрмет болса керек-ті.

12 қаңтар күні, сағат 11.00-де Алматыда мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, дипломат, академик Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтеді. Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің академиясы курсанттарының қатысуымен «Өткенге құрмет» атты акция өтеді. Д.А.Қонаев бюстіне гүл шоқтарын қою рәсімі болады. Д.А.Қонаевтың мемориалды пәтер-музейіне (Төлебаев көшесі, 119-үй) экскурсия ұйымдастырылады. Қоғам қайраткерінің қауіпсіздік басқармасының басшысы болған А.И.Горайновтың жеке архиві аясында Д.А.Қонаевтың сирек кездесетін фотосуреттерінен көрме ашылады.

Кемеңгер өмірі тағылымға толы. Оның әрбір сөзі бүгінгі ұрпақ үшін тәлім-тәрбие. Оқырман назарына Дінмұ-

хамед Қонаевтың ел есінде қалған қанатты сөздерінің бір парасын ұсынамыз.

Дінмұхамед Қонаевтың ой-орамдарынан:

- Өмірдің екі тірегі бар. Үйренуден жалықпау, үйретуден аянабау.
- Сыпайылық кішіліктен ғана емес, кішіліктен де туады.
- Ақиқаттан аттап кету – арға сын.
- Сатыға аяқ салмай жатып, баспалдақтан аттама.
- Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын.
- Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім.

Қазақты ренжітсең, қайда барады?

«Орысты ренжітсең, Мәскеуге шабады, қазақты ренжітсең, қайда шабады?»

Өзіңнің алдына айналып келеді, Асанбай. Орыстың артында тұрған Мәскеуі бар. Қазақтың артында Мәскеуі жоқ, қазақтың Мәскеуі – біздерміз, Асанбай, қолыңнан келгенше қазақты жылтпауға тырыс, қорлыққа берме. Қорлыққа көнген халық зорлыққа да көнетін иісалмас, ынжық болып кетеді. Ұлт өзінің мүддесін өзі қорғай алатын дәрежеге жетуі керек. Кезінде қазақтың жанын сақтап қалсақ екен дедік қой... біз ол дәуірден өттік. Енді қазақтың рухын, намысын сақтауымыз керек».

(Асанбай Асқаровқа айтқан сөзінен).

МАМАН ПІКІРІ

Қырықтан кейін босануға бола ма?

«Қырықтан асқанда босануға бола ма?» деген сұрақтың бүгінгі әйелдердің көкейінде жүретіні анық. Жасыратыны жоқ, кейбірі алдымен карьерамды жасап, өз-өзімді дамытып алайын деп, уақытын өткізіп алып жатады.

Нұржамал ӘЛШЕВА

Алматы қаласының №2 перинаталдық орталығының акушер-гинекологі Альфия Галлямова заманауи әдістер мен технологиялар ересек жаста да дені сау бала тууға мүмкіндік беретінін айтады.

«Қазіргі заманғы медицинаның басты артықшылықтарының бірі – жүктіліктің ерте кезеңдерінде-ақ құр-

сақта жатқан ұрықта қандай да бір ауытқушылық, кінәрат барын дер шағында анықтауға мүмкіндік беретін скринингтік сынақтар мен тексерулер жүргізуге болатындығы. Бұл тәуекелді айтарлықтай азайтады және әйелдерге саналы шешім қабылдауға мүмкіндік береді», – деп атап өтті дәрігер.

Маман сонымен қатар, 40 жастан кейін ана болған әйелдердің ой-көзқарасы жас күніне қарағанда әлдеқайда толыса түсетінін айтты. Ал бұл өз кезегінде бала тәрбиесіне де оң әсер ететіні анық.

Жалпы, 40 жастан кейін бала сүю мұқият дайындық пен саналы тәсілді қажет етеді дейді мамандар. Өйткені, ересек жастағы жүктілік кейбір қауіптерге, мәселен, гестациялық қант диабетіне, гипертонияға әкелуі, сондай-ақ ұрыққа да зиянын тигізуі мүмкін. Сондықтан бұл шешімді қабылдау үшін медициналық кеңес беру, психологиялық дайындық және әлеуметтік қолдау көрсету аса маңызды.

Құрметті аудан тұрғындары!

2024 жылы, 16 қаңтарда сағат 09.00-де Алматы қаласы, Жароков көшесі, 9 мекенжайындағы «№79 гимназия» КММ-де Алмалы ауданының әкімі А.Е.Жәкібаевтың халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға Алматы қаласы мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, прокуратура қызметкерлері және қалалық басқарма өкілдері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimatalmaly, Twitter – akimat_almaly, Алмалы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

ALMATY AQPARAT

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 8 747 617 17 37 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басшысы.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Апталық таралымы – 18 412

Кезекші редактор – Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VРУ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

**БИЫЛ АЛМАТЫ АУЛАЛАРЫНДА
«АҚҚАЛА» БОЙ КӨРСЕТПЕДІ, НЕГЕ?**

«Қаңтар келмей, қарға жарымайсың» деген қаңтар айы ортасына таяп қалды. Бірақ қаңтардың аязды да, қарды да қаңтаруға әзір әлі келер емес

«Аққала» демекші, қазаққа қарды жинап, үйіп, басына шелек, танауына сәбіз шаншып қоятын балалар ойыны бар. Соны «аққала» дейді. Қазаққа қардан үйдің айналасына тұрғызылған ықтасынды да «аққала» деп атайды. Әуелгі атау осыдан шықты деген де сөз бар.



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Аларыға барып, әлемдік деңгейден Аіздесек, «аққала» жасау XV ғасырдан бастау алған көрінеді. Италияда мүсінші әрі сәулетші Микеланджело Буонарроти қардан алғаш мақұлықтардың мүсінін жасапты, кейін әр аулада жағымды кейіпкерлердің мүсіндері бой көтере бастайды. XIX ғасырдан бастап, сомдалған қар-мүсіндер жаңажылдық атрибут болып қалыптасқан.

Соңғы жылдары бұл «ойынға» мемлекеттер де кіріскені белгілі. Өйткені, кейінгі кезде елдер арасында «аққала» жасаудан бәсеке бар. Мысалы, Еуропаның Австрия елінде 16,7 метр қар мүсін жасалған болса, АҚШ-тың Бетел қаласында 37,21 метрлік «Олимпия» деп аталатын алып аққала тұрғызылған. «Олимпияны» тұрғызуға 5890 тонна қар жұмсалған көрінеді. Қайсыбір жылдары Алматыда қар тапшы болып, астанадан қар тасыды деген де сөз болды.

Қазақ есепшілері күн мен түннің қысқаруы мен ұзаруын бақылап, «Шілдеде күн шіл адым қысқарады» (шілденің 22-сінен бастап), «Қаңтарда күн қарға адым ұзарады» (қаңтар айының 22-сінен бастап) деп есеп жасаған. Күн мен түннің тенелуін, қысқаруын, ұзаруын дұрыс анықтау халықтың тұрмысы мен шаруасына айтарлықтай ықпал етеді. Мысалы, күн айналып, шығыстан шығып, батыстан батады, жаңа ай батыстан туып, батыстан батады. Табиғаттың бұл сырларын қазіргі заманғы астрономия ғылымы да дәлелдеп отыр.

Желтоқсанның 22-сінде ең қысқа күн болды. Сол күннен бастап күн ұзарып, түн қысқара бастады. «Бабаларымыз (сақтар, ғұндар) желтоқсанның 22-сін ерекше құрметпен күтіп алып, тойлайтын болған. Оны «Шырша мерекесі» деп атаған. «Күн ұзарып, малдың өрісі



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Күн мен Айға қарап жасалған жорамал

- * Ертеңгі күн құлақтанса, еліңді жау шапқандай қорық, кешкі күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан.
- * Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяздың белгісі.
- * Күн құлақтанып батса, ауа райы жылы болады.
- * Айдың екі ұшы сүйір, өңі ашық, шалқақ туса, онда сол ай жауын-шашынды, желді, борасынды болады.
- * Ай туғанда бұрынғысынан үлкендеу көрінсе, сәулесі қызғылт болса, жауынның белгісі.
- * Ай бұлыңғыр болса, жаңбыр жауатындығын, ашық болса шуақты болатындығын білдіреді.

кеңейетін, сүт көбейетін болды» деп қуанған. Өткен жолы пайымда сөз еткен «Қарықаяқ» амалы әлі жүріп жатыр.

Пайымда айтылған болжамдардың кейбірі келген жоқ. Ол, әрине, табиғи құбылыстарға, табиғи заңдылықтардың сақталмауына да байланысты болуы мүмкін ғой.

Қаңтардың 20 жаңасынан Тоқырау амалы көрініс береді. Мұны «қара суық» деп те атаған. Үскіріктің аса қатты кезі. Бұл амалды «қызыл соғып тұр» деп те, «қызылдаттып тұр» деп те атайды. Осы мезгілде аяз бетті қарып, үскірік жалап тұрады. Ағаш бұтақтарына сүңгі қатып, қар кеш батқанша қылаулап жауады.

Қысқы тоқырау мезгілі болғандықтан тоқырау деп аталса керек. Есепшілер осы амалдан бастап күннің ұзаруы қарқын алады деп санаған. Тоқыраудың тағы бір аты – қылау.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, қаңтардың – 11-і. Ай есебі бойынша, – 29-ы. Қазақша 3 күннен кейін қаңтар басталады. Апта айдың басын, ортасын және соңын түгел қамтып тұр. Аспан денелерінің қозғалысына қарағанда алдағы аптада (11–18 қаңтар аралығында) Алматыда жылылық сақталады. Айдың ортасы болғандықтан жауын-шашын көрініс беруі де ғажай емес...

**МЕЙІРІМГЕ
ТОЛЫ КҮН...**

Армандарымызды арқалап жап-жаңа жылға аяқ бастық. Қалада қайтадан қауырт тірлік, тынымсыз еңбек жалғасты.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Әппақ мамық жамылған далада күн шайдай ашық. Көше толы жүйткіген көлік пен сапырылған халық. Сол қауымның қатарында мен де бармын. Мәсаншы көшесімен Абай даңғылына қарай асыға басып, адымдап келемін.

Анадайдан екі қыз көрінді. Жылдамдатып келе жатқан соң ба, әлгі қыздар қарсы алдымда тұрғанын байқамай да қалыппын. Әп-сәтте өзге жол таппағандай біресе оңға, біресе солға жүріп бір-бірімізді қайталадық та қалдық. Мұндайда адам еріксіз күледі екенсің. Өздерінің қимылдарына қысылды білем, қыздар, кілт тоқтап, жолдың шетіне ығыса берді де:

– Ой, апай, сіздің алдыңызды кеспей, жол берейік дегеніміз ғой... – деді жарыса. Өңдерінде «үлкеннің жолын кесу – әдепсіздік» деген ілтипат тұр. Қыздардың кішіпейілділігі һәм құрметіне ішім жылыды. Мен де алғысымды жаудырып өте бердім.

Абай даңғылына жеткенде жасы 70-терді алқымдаған қарияның қолтығынан демеп, бір жас жігіт өтіп барады екен. Жолдан өте салысымен ағамыз: «Балам, өркенің өссін. Рахмет!» деп жатқанын естідім.

№120 автобуста отырмын. Келесі аялдамадан аяғы ауыр келіншек мініп еді, 16-17 жас шамасындағы бозбала орнынан атып тұрып: «Келіңіз, отырыңыз!» деді. Жас келіншек сәл езу тарта жымиды да, «рахмет» деп барып орындыққа жайғасты.


Автобус «А» жолақтың бойымен жүйткіп келеді. Жүргізуші кенет тежегішті басып қалды. Жолаушылар жапырыла алдыға қарай ығыса түсті. Арасында құлаққап таққан бір-екі жолаушы құлап бара жатып, тұтқаны ұстап үлгерді. Араларындағы біреуі епсіз қимылдарына ұялды ма, қасындағы ер адамға «кешіріңіз!» деді. Ол да ешкімнің әдейі жасамағанын түсініп, «оқасы жоқ» деп жылы сөйледі...

Үйге кіргенім сол еді, қызым қолымдағы сөмкемді алып жатып: «Мама, шаршадың ба? Үйді жинап, ыдыстарды жуып қойдым» деп күлім қақты. Артынша ұлым жүгіріп келіп, «мама, сағынып кеттім ғой...» деп мойным асылды.

Жақсылық жақсылыққа жалғасқан, мейірімге толы шуақты күннің шапағын сіз сездіңіз бе? Мен сезіндім.

Оңаша отырғанда жастардың құрметі мен көпшіліктің бір-біріне деген жып-жылы адами қарым-қатынасы көз алдыма оралып, бір тұнық сезімге бөлендім. Содан кейін қиял қанатым мені: «шіркін, әрбір жанның бойында ілтипат тұнып жатса, жұрттың бәрі тек жақсылық жасауға ұмтылып тұрса...» деген ойға жетелей берді.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Галым СМАҒҰЛҰЛЫ

